



ХАЛЫҚПЕН СҰХБАТ

Қазақстан Республикасының
Президенті Н. Ә. Назарбаевтың
қатысуымен өткен тікелей эфир
2004 жылғы 14 мамыр

ДИАЛОГ С НАРОДОМ

Прямой эфир с участием
Президента Республики Казахстан
Н. А. Назарбаева
14 мая 2004 года

ББК 66.3 (5 Қаз)

X 17

ISBN 9965-06-353-2

X 17 **Халықпен сұхбат.** Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен өткен тікелей эфир. 2004 жылғы 14 мамыр.
Диалог с народом. Прямой эфир с участием Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. 14 мая 2004 года. — Астана: Елорда, 2004. — 160 бет.

X 0803010200-283
00(05)-04

ББК 66.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-06-353-2

ХАЛЫҚПЕН СҰХБАТ

*Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Ә. Назарбаевтың
қатысуымен өткен тікелей эфир
2004 жылғы 14 мамыр*

* * *

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың телеэкран арқылы тікелей эфирге шығып, халықпен ашық әңгіме өткізуі әдемі дәстүрге айналуда.

Үстіміздегі жылдың 14-ші мамырында Елбасы осындай дәстүрлі тікелей телеэфир хабарына қатысып, қазақстандықтарды толғандырып жүрген көптеген сұрақтарға еш бүкпесіз ашық, әрі нақты жауаптар қайтарды. Қарапайым халық өздерін алаңдатқан көп мәселелердің ауызба-ауыз жауабын алып, көптеген көкейкесті проблемалар шешімін тапты. Осы арада Нұрсұлтан Назарбаевтың халықпен сұхбаты бірінші рет республикамыздың барлық телеканалдары арқылы көрсетілгенін атап айтқан жөн.

Хабар эфирге шығып жатқан кезде Алматы қаласымен, сондай-ақ республикамыздың 5 облысымен тікелей байланыс жүзеге асырылып, Мемлекет басшысымен бұл өңір тұрғындарының көзбе-көз сұхбат жүргізуіне мүмкіндіктер жасалды.

Елбасымен жүздесіп, сұхбаттасу жайында хабарландыру жарияланғаннан бастап, соңынан үш сағаттан артық уақытқа созылған хабар барысында жер-жерден 10 225 телефон шалынды, электрондық пошта арқылы 1456 сұрақ қабылданып, хат түрінде 1000-нан астам сауалдар түсті.

Бұл кітапшада Президент Н.Ә. Назарбаевтың республика жұртшылығымен өткізген “Тікелей эфирдің” баспасөз нұсқасы беріліп отыр.

**Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаев:**

— Кеш жарық, қадірлі қазақстандықтар!

Біз бүгін тікелей эфирде кездесіп отырмыз. Мұндай кездесудің кезі келді деп білемін. Өйткені, Қазақстан өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Дағдарысты жағдайды еңсергеннен кейін, экономиканың тұрақтануына жетіп, қолдағы бар ресурстарға иелік ете отырып, біз енді экономикамызды дамытудың принципті жаңа бағытына бет бұрдық.

Экономиканың мүмкіндігі арқасында біз, біріншіден, Аграрлық азық-түлік бағдарламасын, Ауылды дамыту бағдарламасын талдап жасағанмызды естеріңізге салғым келеді. Бұл бағдарлама екінші жыл іс жүзіне асырылуда.

Екіншіден, шикізатқа тәуелділіктен құтылу мақсатында Қазақстанда біз үшін маңызды Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы іске асырылуда. Оны орындау 2015 жылға қарай экономиканың өсімін үш есе арттыруға мүмкіндік береді. Республика халқына менің биылғы Жолдауымда тұрғын үй құрылысына баса көңіл болініп, онда бұл саладағы жаңа бағыт, табысы

орташа адамдарды баспанамен қамтамасыз ету туралы сөз болды. Бұл мәселелер, сондай-ақ біздің қоғамымыздың өміріне, республикадағы саяси ахуал мен одан тыс жерлердегі жағдайға, басқа мемлекеттермен қарым-қатынастарға байланысты мәселелер сіздерді қызықтыратын болар деп ойлаймын.

Берік Тұрысбек, Астана қаласындағы № 3 мектеп-гимназиясының мұғалімі:

Менің екі балам бар, жатақханада тұрамын. Сіз Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауыңызда тұрғын үйдің, үй салудың бағасын арзандатып, әр шаршы метрі 350 доллардан аспау қажеттігі жөнінде айттыңыз. Сіз ипотекалық несиенің үстеме пайызын, алғашқы жарнаның мөлшерін азайту, несиенің қайтару мерзімін жиырма жылға дейін ұзарту туралы нақты міндет қойған едіңіз. Сіздің осы тапсырмаңыз баспанадан қиналып жүргендер үшін өте маңызды жаңалық болды. Бірақ соңғы кездерде партиялардың кейбір жетекшілері, банктердің өкілдері, әртүрлі деңгейдегі шенеуніктер арзан үй салуға мүмкіншілік жоқ деген пікірлерді жиі айтады.

Президент:

— Менің халыққа арнаған биылғы Жолдауымда негізгі әлеуметтік мәселе — тұрғын үй салуды шешуге кірісуді Үкіметке тапсырғанмын. Бұл оңай

шешілетін бағдарлама емес. Ол мемлекеттен көп қаржы жұмсауды талап ететінін өзіңіз де білесіз. Сондықтан, бұны Үкімет те және Бағдарламаны талдау жасаушылар да халыққа жақсылап түсіндіруі керек.

Бұл бағдарламаны орындауға ендігі жылдың басынан кірісетінімізді айту керек. Бірақ бюджет жылдың ортасында қайта қаралатын болса, биылдан бастай беруіміз де мүмкін.

Мен табысы аз отбасылар үшін тұрғын үй салуға деген Үкіметтің жаңа көзқарасы туралы айтқанмын. Қалталы адамдардың үйлерді сатып алып, содан кейін оларды алыпсатарлық бағамен қайта сататын жағдайларына жол берілмейді. Тұрғын үй табысы аз отбасыларға бөлінеді. Бұл — ерекше жүйе.

Ең басты мәселе ипотекада болып тұр. Біріншіден, бұл қалаған адамның бәрі оған (ипотекаға) кіре алады дегенді білдірмейді. Әңгіме жұмыс істейтін, 70-80 мың теңге табысы барлар туралы болып отыр. Яғни, сондай жағдайда олар үш жылдың ішінде ипотека үшін тұрғын үй құнының 10 пайызын жинай алады, қалған 90 пайызын сатып алатын пәтерін кепілге қойып, несиеге алады. Бұрын алғашқы ипотекалық жарнаның мөлшері 20 пайызды құрайтын, бұл ретте несиенің мерзімі 10 жыл болатын. Енді жарнаның мөлшері 10 пайызға төмендейді, ал несиенің ұзақтығы 20 жылға дейін өседі. Бұл барша үшін өте жағымды жаңалық деп ойлаймын.

Екіншіден, Тұрғын үй жинақ банкісі мемлекет есебінен капиталданады. Егер бұрын осы жүйе бойынша алғашқы жарна 50 пайыз болса, енді 25 пайыз болады. Ал несие 15 жылға емес, 25 жылға беріледі. Мен бұл жақсы мүмкіндік деп ойлаймын. 350 долларға салу дегеніміз не дейтін сұрақ туындайды. Бәлкім, кейбіреулер тұрғын үйдің әр шаршы метрін 350 долларға бірден салу үшін бәзбір банкілерді “жегеді” деп ойлайтын болар. Айтпақшы, 350 долларға Астана мен Алматы, Атырау, Ақтөбе және басқа қымбат қалаларда пәтерлер салынуы тиіс. Басқа өңірлердегі пәтерлердің құны әлдеқайда төмен болуы керек. Сол үшін мемлекет қаржы бөледі. Конкурс жарияланады — құрылысшылардың қайсысы мемлекеттік ақша алуға қатысып, 300-350 долларға үй салуға келіссе — сол құрылысшы ғана ондай қаражатты алады.

Бір шаршы метрдің құны туралы (350 доллар) мәселеге қайта оралайық. Меніңше, ол халық тарапынан жете түсінбеушіліктен пайда болған. Құрылысшыларға 3 жылдың ішінде шамамен 1 млрд. теңге қаржы берілетін болады. Бұл соманы бөлу кезінде жергілікті билік осы қаржыны бір шаршы метрі үшін 350 доллар баға бойынша құрылыс жүргізетіндерге берілетін болады. Өзге құрылысшылар мұндай ақша ала алмайды. Егер біздің құрылысшылар кергітін болса, бүгінде

кезекте Еуропаның, Ресейдің, Украинаның құрылысшылары тұр. Сондықтан да мен біздің құрылысшылар бұл конкурсқа қатысады деп ойлаймын.

Алдымен үйлер облыстарда салынады, содан кейін әкімдіктер үй алатын адамдардың жағдайын қарайды. Үйлер 10 пайызын төлеген, өз үйін кепілдікке қойған адамдарға ғана беріледі. Бастапқы жарна сондайлықта көп емес деп ойлаймын. Біз 80 шаршы метрлік орташа пәтерге 350 доллар бойынша бастапқы жарна 3 мың долларды құрайды деп есептеп отырмыз. Осыған орай даңғаза үйлену тойларын өткізгеннен гөрі, жастарға өз пәтерін сатып алу үшін алғашқы жарнаға ақша сыйлаған жақсы екенін тағы да еске салғым келеді.

Мұның барлығын мен 31 мамырда бұл мәселелерді Ұлттық Кеңесте талқылағаннан кейін жария етемін. Бұл жұмыс биылғы жылдан бастап қолға алынады. Тұрғын үй құрылысын шешу арқылы бүкіл экономиканы көтеруге де жағдай туғызылады. Атап айтқанда, құрылыс материалдарын жасайтын жаңа зауыттар да бой көтеретін болады. Ол жерлерде жаңадан жұмыс орындары ашылып, жұмыспен қамту мәселесі де өзінің оң шешімін табады.

Бағдарлама қабылданғаннан кейін Үкімет күн сайын телевизия арқылы және газет беттерінде тұрғын үй бағдарламасын түсіндіріп, жергілікті орындарға шыққанда бұл жүйені қалай пайдалану керектігін айтуы тиіс.

Александр Иванович Максимов, телевизия қызметкері, Павлодар қаласы:

— Менің зейнеткерлік салымдардың қорларда сақталу мәселесіне қатысты сауалым бар. Мардымсыз дивидендтер аламыз, Сіз қалай ойлайсыз, біздің зейнеткерлік реформамыз жақсы жұмыс істеп жатыр ма?

Президент:

— Біз бірінші болып 1998 жылы жаңа зейнеткерлік жүйе бойынша жұмыс істей бастадық. Бұл реформа қазір Шығыс Еуропада да, ТМД-да да зерттелуде. Мен реформа табысты өтті деп ойлаймын. 6 миллионнан астам адам қазір зейнеткерлік қорлардың салымшылары. Бұл қорларда мол қаржы жинақталған. Жалпы есепте, зейнеткерлік қорлардың табыстылығы 5 пайызды құрайды, менің ойымша, бұл жаман емес. Бірақ, сіздер мен біздер долларға қатты сеніп қалуымызға байланысты, қорлар да қаржыны доллармен сақтады, ал қазір теңгенің долларға қатысты бағамы нығая бастады. Сол қорлар шын мәнінде төмен табыс алды. Алайда, алаңдауға ешқандай негіз жоқ. Заңға сөйкес, зейнетақы қорлары мемлекеттік сақтандырумен қамтамасыз етіледі. Сондықтан, уайымдаудың қажеті жоқ. Ал шетелдік мемлекеттердің зейнеткерлік қорларының тәжірибесі бойынша біз осы қорларды экономикаға жұмыс істеп, салымшылар үшін мол пайыздар табуға тарту — басқа мәселе. Қазір біз нақты кепілді табыс

беретін мұнай-газ кешеніндегі немесе Индустриялық-инновациялық стратегиядағы қауіпсіз ірі жобалар туралы ойланудамыз. Тұрғын үй құрылысы үшін, пәтер алып, қосымша табыс табу үшін зейнетақы қорларының белгілі бір сомасын соған жұмсау керек шығар. Менің ойымша, салымшылардың уайымдауларына себеп жоқ.

Доллардың аты — доллар, бірақ, қазір теңге түріндегі салымдар анағұрлым тиімдірек болып отыр. Халықтың теңге түріндегі салымдары өсуде. Доллар нығайып келеді, 2-4 пайызға өседі деп санайық, ауытқушылықтар да болуы мүмкін. Егер, валюта қоржыны туралы айтатын болсақ, теңгенің жағдайы қалыпты.

Наталья Валентиновна Блок, “ТЭК” туристік орталығының қызметкері:

— Нұрсұлтан Әбішұлы, мен Сізге тікелей эфир арқылы сауал қою мүмкіндігіне ие болғанымға қуаныштымын. Шығыс Қазақстан, оның ішінде Өскемен қаласы экологиялық жағдайы күрделі аймақ болып табылады. Жыл сайын халық арасында экологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты аурулар көбеюде. Балалардың денсаулығы ерекше алаңдаушылық туғызуда. Облыстың экологиялық проблемасын шешу үшін бүгінде қандай жұмыстар істеліп жатыр, қандай шаралар қабылданады?

Президент:

— Сіз шын мәнінде маңызды мәселені көтердіңіз. Мен Өскеменнің кәсіпорындарын жақсы білемін, болмаған зауыттар мен фабрикалар жоқ.

Егер естеріңізде болса, осыдан 8-9 жыл бұрын барлық зауыттар тоқтады, адамдар жұмыссыз қалды деп қайғырған болатынбыз. Бұл мәселе үшін біздің барлығымыз уайымдадық. Ал қазір, барлық зауыттар жұмыс істей бастаған кезде, мен жақсы киінген, жүздері жарқын адамдарды көріп, қуанып отырмын. Себебі, бұл мемлекеттік басқарушылар еңбегінің нәтижесі. Табысты экономика, инвестициялардың артуы Өскемендегі мырыш зауытына, магний комбинатына және аймақтың барлық қалаларындағы зауыттарға жұмыс істеуге мүмкіндік берді. Аймақты экологиялық апатты аймақ деп жариялау бізді барлық қиындықтан құтқармайтынын айтқым келеді. Егер біз Өскеменді экологиялық апатты аймақ деп жариялайтын болсақ, онда шетелдік инвестицияларды ұмытуға тура келеді. Өкінішке орай, инвестициялар қолайлы аймақтарға салынауда. Оны өзіміздің тәжірибеміз көрсетіп отыр. Қазіргі заманның логикасы осындай. Сондықтан да Қоршаған ортаны қорғау министрлігі кәсіпорындардан экологиялық тазалық талабын арттыруы керек, біз осындай жолмен жүруге тиіспіз.

Мен зауыт басшыларына Балқашқа барып, онда биыл салынған мырыш зауытымен танысуға

кеңес берер едім. Зауытты “Қазақмыс” салды. Ондағы барлық қалдықтар, қара түтіндер қайта өңделіп, көзге көрінбейтін ашық түтін шығады. Жаңа технологиялар енгізу керек, ал жаңа технологиялар дегеніміз — экологиялық таза технологиялар — біз осы жолмен жүруге тиіспіз. Экологиялық апат деген сөздің өзі — үрейлі сөз. Батыста бүгінде, экологиялық тұрғыдан таза емес тәсілмен шығарылған өнімді қабылдамайды, оны ешкім сатып алмайды. Біздің тамаша Шығыс Қазақстанымызда таза ауа болуы үшін бұл мәселелермен біз тұрақты айналысатын боламыз. Бұл — бүкіл елдің мақсаты.

Таңатқан Темірбаев, Өскемен қаласындағы Оралхан Бөкей атындағы орта мектептің директоры:

— Сіздің биылғы Жолдауыңызда білім саласына енгізілетін жаңалықтар туралы көп айтылып, оның проблемалары көтерілген, сондықтан да біздер, мұғалімдер, Сізге алғысымызды білдіріп, рақметімізді айтып жатырмыз. Қуанып жатырмыз.

Сондай-ақ алдымызда үлкен науқан, яғни Парламентке, соның ішінде Мәжіліске депутаттар сайлау науқаны келе жатқаны туралы айтпақпын. Сол сайлауға көптеген саяси партиялар қатысады. Оның ішінде Серікболсын Әбділдин жетекшілік ететін Коммунистік партия соңғы кезде екі жікке бөлініп кетті. Соған не себеп болғанын Сізден білсем деп едім.

Президент:

— Серікболсын Әбділдинмен біз қызметті бірге бастағанбыз, бірге істегенбіз, қоян-қолтық байланыста болғанбыз. Саясатта әрқилы жағдайлар болады. Ол кісі бүгінде Коммунистер партиясын басқарады. Компартияда бұрынғы жүйені біліп қалған, мол қызмет тәжірибесін жинақтаған ақсақалдарымыз, ағаларымыз бар.

Демократиялық қоғам құрып жатқан кезде, әр партияның бөліне ме, қосыла ма — ол өз ісі. Оған өзгенің араласпауы керек деп санаймын. Енді өліптің артын бақсақ, оның қалай боларын жұрт көре жатар. Ал енді партияның ішкі мәселесін олардың өздері шешетін болады.

Игорь Реутов, Павлодар қаласының тұрғыны:

— Президент мырза, Сіз Қазақстанның барлық азаматтарының құқығы мен бостандығының кепілісіз. Олай болса, Сіз неге “Отан” партиясына артықшылық бересіз. Менің ойымша, Мемлекет басшысы партиялардан жоғары тұрып, қоғамдағы барлық саяси күштердің мүддесін білдіруі керек.

Президент:

— Президент ретінде мен біздің еліміздегі демократия мен бостандықтың, Конституция мен заңдардың сақталуының кепілімін. Сондықтан да мен түрлі партиялардың құрылғанын қолдаймын. Білгіңіз келсе, мен көптеген партиялардың

құрылуының бастауында тұрдым, себебі саяси партиялар қоғамның демократиялық дамуын қамтамасыз ететін ұйымдар болып табылады.

Бірақ Президент ретінде барлық саяси көзқарастарға менің тарапымнан былайша айтқанда “толық қолдаудың” болуы мүмкін емес. Мысалы, жақында сайлау алдында менің әріптесім, Ресей Президенті Владимир Путин бүтіндей “Біртұтас Ресей” партиясын қолдайтынын мәлімдеді. Немесе, Ұлыбританияның премьер-министрі Тони Блэрді алайық. Ол консерваторлар мен лейбористерді қатар қолдай алмайды ғой! Сол сияқты мен де “Отан” партиясының қызметіне үлкен тілектестікпен қарайтынымды ешкімнен жасырмаймын. Бұл партия сайлауларда адамдар өзін қолдайтынын дәлелдей алды. Мен болашақта Парламент пен Мәжіліс сайлауларында “Отан” партиясының мүшелері мен олардың одақтастары басым көпшілік болғандығын қалаймын және Қазақстан халқын еліміздегі тұрақтылық бағытын, мемлекетіміздің гүлденуін, еліміздің беделі артуын және Қазақстанда тұратын халықтар мен ұлттардың ажырамас достығын ұстанатындарға көбірек қолдау көрсетуге шақырамын. Мен ойымды барынша айқын білдіріп отырмын. Екінші жағынан, мен Президент ретінде барлық саяси партиялардың бәсекелестік негізде алдағы саяси шараларға қатысуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймын.

Сұрақ:

— Сізбен 1-інші топтағы мүгедек, Қазақстанның зағиптар қоғамы орталық басқармасының мүшесі сөйлесіп отыр. Бүгінде қабылдауға ұсынылып отырған заң жобасында біздің пікіріміз ескерілмеген. Бірінші топтағы мүгедектерді күту, қазақстандық зағиптар қоғамының өнімдерінен салықты алып тастау сияқты мәселелер қамтылмаған. Сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер туралы бесінші бапта олар бюджет есебінен қаржыландырылмайтыны айтылады.

Президент:

— Мен сізді түсіндім. Егер естеріңізде болса, үстіміздегі жылдың наурыз айында жариялаған Жолдауымда мүгедектерге қолдау көрсету бағдарламасы туралы айтылды. Келер жылдан бастап оларға бөлінетін әлеуметтік қамтамасыз ету үлесі 30 пайыздан 50 пайызға дейін өседі. Менің ойымша, біз алғаш рет экономиканың мүмкіндігіне арқа сүйей отырып, 415 мың мүгедекке назарымызды аударып отырмыз. Ал заңға келер болсақ, ақшалай қаржы шығысына қатысты мәселелердің барлығын Қарақұсова емес, мемлекет қалтасының, яғни бюджеттің мүмкіндігі шешеді. Сондықтан да, біз барлық мәселені мемлекет ақшасының жағдайы қандайлық мүмкіндік берсе, соған қарап біртіндеп шешетін боламыз. Дегенмен, заң жобасын әзірлеу барысында сол заң арналып отырған адамдардың

пікірін естен шығармау керек. Сондықтан мен Еңбек және халықты өлеуметтік қорғау министріне мүгедектер қоғамының өкілдерімен кездесіп, жобаны түпкілікті жасаған кезде оны талқылауды ұсынамын.

Аман Жұмашұлы Дәлел, Жезқазған қаласының тұрғыны:

— Қазақстан Парламенті Мәжілісінің сайлауы жақындап келеді. Сайлау туралы заң қабылданды. Осы заң сайлауға қандай ықпалын тигізеді деп ойлайсыз?

Президент:

— Заңға қол қойылғаннан кейін ол бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды. Оқып шықсаңыз, барлығын білер едіңіз. Дегенмен, сұрақ қойылғаннан кейін мен айта кетейін. Бұл Заң көп уақыт пысықталды. Аталған Заң бір жылдай талқыланып, Парламенттің үш отырысында және үш оқылымында қаралды. Саяси партиялардың, дүниежүзілік халықаралық ұйымдардың ойлары тыңдалып, жан-жақты талқыланып барып қабылданды. Бұл Заңның негізгі мақсаты — сайлау кезінде ешқандай заң бұзушылыққа жол бермеу. Сайлау комиссиясының, сондай-ақ санақ жұмыстары құрамына мәслихаттар депутаттары мен партиялардың мүшелері енгізілді. Содан кейін электрондық сайлау ешқандай заң бұзушылыққа және оның ішінде Үкімет орындарының немесе

атқару органдары адамдарының араласуына жол бермейді. Халықтың шын мәнінде өз қалауын білдіре алатын бұл заң алға қарай бір қадам басқандық болып табылады.

Тараздық кәсіпкер:

— Откен жылғы қазан айында болған Кәсіпкерлер форумында Сіз экономика саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлерге берілетін лицензия санын 10 есе қысқарту туралы тапсырма берген едіңіз. Бірақ бұл мәселе орнынан қозғалмай қалған сияқты. Бұған қатысты мемлекет қандай нақты іс-шара қарап жатыр?

Президент:

— Республика тәуелсіздік алғаннан бері қарай мен шағын бизнеске жәрдемдесу, кәсіпкерлерге көмектесу мәселелеріне тұрақты көңіл бөліп келемін. Себебі, елде нарық экономикасын дамыту үшін шағын және орта бизнес саласында көп адам жұмыс істеуі керек. Елде бүгінгі таңда кәсіпкерлік ұйымдар саны 500 мыңнан асады, оларда 1,5 миллионға тарта адам еңбек етеді, демек 6 миллион адам (олардың үйіндегілер) осы арқылы табыс тауып, былайша айтқанда күндерін көріп отыр. Бірақ та бұл бизнес экономикамыздың 20 пайызына жуығын беріп отырғанда, олар аздық етеді, 50 пайыз бергені керек, сондықтан да мен жергілікті атқарушы органдарға да, Үкіметке де айтарым, Парламенттен сұрайтыным кәсіпкерлер

бизнесті дамыту үшін біз ерекше жағдайлар туғызуымыз керек.

Біріншіден, бұл жұмысқа орналастыру, екіншіден, бұл табыс, адамның жеке меншігі — бұл адам бостандығының негізі. Сондықтан, 150 лицензияның 50-і қазір қысқартылды. Ал жалпысында бұл мәселе бойынша біздің бизнесмендердің жүйкесін жұқартпай, керісінше, олардың жұмыс істеуіне көмектесу үшін кімнің, нені және қашан тексеруін толық реттейтін заң қабылдау керек. Біз қашан бизнесмендерді шақырып алып, сенің қандай ісің жүрмей жатыр, кел мен саған көмектесейін деп сұрауды қашан үйренер екенбіз? Ал енді жергілікті органдарға салықтар осы көзден түсіп жатыр, елдің өркендеуі де осыдан басталады, өйткені бизнесмендер адамдарға жұмыс береді. Ал ол адамдар мемлекетке салық төлейді. Олардың үлесіне экономика саласында өндірілетін өнімдердің шамамен 20 пайыздайы келеді. Бұл аз. Сондықтан да біз мүмкіндігіне қарай кәсіпкерлер санын ұлғайтуға көбірек көңіл бөліп, олардың қызметі үшін жағдай туғызуға тиіспіз. Міне, сондықтан да біз бұл мәселелерді жыл сайын өткізілетін форумдарда тұрақты қарастырамыз.

Кәсіпкерлердің алаңсыз жұмыс істеуіне нақты жағдай туғызылғаны жөн. Бұл жөнінде тиісті заң болуы керек. Шағын бизнеспен айналысушыларды бір жылға дейін ешкім тексермегені жөн болар еді. Жылына бір рет оларды салық

полициясы ғана тексерсе жетіп жатыр. Барлығын орнына келтіріп, шағын бизнеске жағдай туғызатын кез жетті деп есептеймін.

Жуырда қабылданған заң 10 күннің ішінде өз бизнесіңді ашуға рұқсат алуыңа мүмкіндік беретінін айтқым келеді: Әділминге келесің де, тіркелесің, Әділмин электрондық поштамен барлық орындарға құжатты жөнелтеді — олар өз рұқсаттарын беруі тиіс, сөйтіп адам “бір терезеден өз бизнесін ашуға рұқсат алуы керек”.

Бұл жай мәселе емес. Біздің еліміз нарықтық мемлекет, сондықтан да біз шағын және орта бизнесті барынша дамытуға тиіспіз, мен тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен осымен айналысып, бизнесмендерге қолдау білдіріп келемін, жыл сайын Кәсіпкерлер форумына тікелей өзім қатысамын. Осы іспен мен сияқты айналысатын басқа президентті маған атап беріңізші.

Жүргізуші:

— Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіз білесіз бе, кәсіпкерлер қаптаған тексерулерге қайтадан мораторий жариялауды отінбек көрінеді.

Президент:

— Біз мораторий енгізіп көргенбіз, кәсіпкерлердің бір бөлігі мораторийдің қажеті жоқ деді. Ойткені, бұған дейін әділ жұмыс істегендерді тексере бастаған, ал харам жұмыс істегендер бұрынғысынша харамдықтарын жалғастыра

берген. Сондықтан да мен қашан, кімнің нені тексеретінін біржолата белгілейтін заң қабылдау керек деп санаймын.

Жүргізуші:

— Нұрсұлтан Әбішұлы, қазір біз теле-аудиториямен сұхбатымызды сәл уақытқа тоқтатып, біздің ақпараттық орталығымызға сөз берелік. Онда электрондық пошта бойынша қоңырау шалушылардың сұрақтары мен хабарлар түсіп жатыр. Қазір онда журналист Бибігүл Жексенбай тұр.

Бибігүл, бізге қазірге дейін қоңырау шалушылардың саны туралы алғашқы ақпаратты хабарлауға әзірсіз бе және телефон соғушылар мен электрондық пошта бойынша түскен хабарламаларда қандай проблемалар барынша жиі қайталанатынын айта аласыз ба?

Бибігүл Жексенбай, “Хабар” агенттігінің журналисі:

— Ақпараттық-талдау орталығына 7 күн ішінде сұрақтар айтылған 8000-дай қоңырау шалынып, 1000-нан астам электрондық хабарлама түскен. Іс жүзінде бұл орасан зор қамтуға ие болған асқан негізді және асқан байыпты социологиялық сауалдама болып табылады және бұл бізге тұтастай алғанда қоғамдағы және елдегі көңіл күй туралы пікір қорытуға мүмкіндік береді. Әзірге тұжырымдар жасауға әлі ертерек, дегенмен

алғашқы статистика да бар, біз соған тоқталуымызға болады. Ең үлкен топ — бұл сұрақтардың әлеуметтік блогы: 37 пайыздан астам — бұлар тұрғын үй, зейнетақы, денсаулық сақтау және білім беру проблемалары. Одан кейін адам құқығын қорғау тақырыбы келеді, негізінен сот істері — 12 пайызға жуық, Президентке жеке мәселе бойынша сұрақ жолдаушылар өте көп, олардың кейбіреуі тікелей эфир кезінде аталады деп ойлаймын.

Қадиша Шәріпова, Атырау облысындағы Балықшы ауылының тұрғыны:

— Мен кәсіби балықшымын. Бұл салада 40 жылдан астам еңбек еттім. Осы жылдарда көптеген наградалардың, соның ішінде ордендердің иегері атандым. Кезінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болдым. Қазір зейнеткермін. Мені алаңдататыны — Каспий теңізінің экологиялық жағдайы. Бүгінде теңізден мұнай алынып жатыр. Ол осындағы балықтарды өлтіріп, таза табиғатты апатқа ұшыратпай ма деген көңілімізде қобалжу бар. Осы мәселенің қалай шешіліп жатқанын білгім келеді.

Президент:

— Каспий теңізінің тағдырына осынша көңіл аударғаныңыз түсінікті. Осында туып-өсіп, теңізде жұмыс істеп келе жатқан адамсыз. Осыған байланысты айтарым, Қазақстанда экологиялық

қауіпсіздік бағдарламасы талдап жасалған. Ол — өте маңызды да өзекті мәселе. Сізді мұнда мұнай компанияларының көптеп келіп, жаңа мұнай көздерінің ашылып жатқаны алаңдататын шығар деп ойлаймын. Біздің еліміздің 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған экономикалық дамуының тұжырымдамалық құжаттарында бұл мәселелердің барлығы қарастырылған. Бұл мәселелер Каспий қайраңын игеру кезінде ескерілетін болады. Атап айтқанда, Каспийде газ және мұнай қорларын игеру бағдарламасын іске асырғанда, оған сәйкес өңірде жұмыс істейтін бірде-бір мұнай компаниясы өндірістік қалдықтарды теңізге тастауға жол бермеуі тиіс.

Мәселен, “Аджип” компаниясы өз бағдарламасының 90 пайызын экологиялық комиссияның рұқсатымен ғана іске асырып отыр. Сондай-ақ біздің мұнайшы кәсіпорындарымыз бен шетелдік инвесторлар арасындағы, егер тараптар Каспий теңізінің биологиялық байлығын сақтауға, табиғат қорғау заңнамасының талаптарын ұстануға және орындауға жеткілікті көңіл бөлуге келісім бермесе, бірде-бір шартқа қол қойылмайды. Экологиялық сараптау мәселесімен айналысатын Қоршаған ортаны қорғау министрлігі бұл мәселеге өте мұқият қарап келеді.

Дегенмен, Каспий — үлкен теңіз. Осынау су бассейнінің жағалауында орналасқан бес мемлекет бар. Солармен бірігіп жұмыс жасамайтын болсақ, бұл мәселелерді жалғыз Қазақстан шеше алмайды.

Сондықтан біз қазір Каспий бойындағы сол мемлекеттермен қажетті жұмысты жүргізіп келеміз. Ендігі жылы олармен ортақ бір келісімге келіп, онда, атап айтқанда, қанша балық ұсталуы керектігі, экологиялық тепе-теңдікті сақтау әдістері, сондай-ақ теңізде жүретін кемелердің мәртебесі және басқалары турасында айтылатын болады. Бұл мәселе реттелгеннен кейін де біз Каспийдегі жағдайға тұрақты көңіл бөлетін боламыз.

Сұрақ:

— Соңғы уақытта Джеймс Гиффеннің ісі деп аталатын іс туралы және оған АҚШ-та өтетін сот туралы көптеген қилы-қилы жарияланымдар көбейіп кетті. Бұл ретте оның Қазақстан басшылығымен байланысы бар деген әңгімелер айтылуда. Осыларға қандай түсінік берер едіңіз?

Президент:

— Бұл туралы мен де құлағдармын. Бұл сот амалы нақ сол Гиффенге қатысты жүргізілуде, себебі ол АҚШ азаматы болып табылады және ол сол елдің өкілеттігіне бағынады. Бұл іс нақ соған қарсы бағытталған, ол біздің еліміздің бірде-бір азаматына қарсы бағытталмаған. Сондықтан мен бұл процесті бақылап отыру, оның үстіне оған түсініктеме жасау қажет деп санамаймын. Өйткені, саяси қайраткер саяси да, дипломатиялық та

жағынан басқа елде болып жатқан процеске түсініктеме жасауға тиіс емес.

Бас прокуратура, біздің Үкіметіміз кезінде бұл туралы біздің Парламентке жан-жақты баян еткен. Ал “байланыс” мәселесіне келсек, Гиффен мырза Үкіметтің мұнай келісім-шарттары бойынша штаттан тыс кеңесшісі болған. Ол осы келісім-шарттарды жасасқан. Айта кетейік, біздің мұнайшылар бұл келісім-шарттардың жоғары деңгейде жасалғанын, онда Қазақстанның мүдделері толық ескерілгенін қазір де айтуда және бұл қызметі үшін оған риза. Ал қалған мәселелердің барлығы — біздің қашқын премьер-министр Қажыгелдиннің жала жабуы, арандатушылық әрекеттері. Айтпақшы, Гиффен соның кезінде Үкімет кеңесшісі болған. Мен мынаны айтқым келеді, дүние жүзінде өртүрлі материалдар жарияланып жатады, егер сіздер қарап көрсеңіздер, оппоненттер кінәлармен айыптамаған мемлекет басшылары мен жоғары лауазымды тұлғалар кемде-кем. Бірақ бұл жарияланымдар факті болып табылмайды. Сондықтан да бұған сабырмен қарайық, себебі жарияланымдар өртүрлі болады. Осы жарияланымдар арқылы кейбіреулер өз мәселелерін шешу үшін мемлекетке саяси қысым жасағысы келеді, екінші жағынан, трансұлттық компаниялар сол қысыммен өз проблемаларын шешкісі келеді. Бірақ алғашқысы да, кейінгісі де болмайды.

Ғарифолла Есім, Қазақ ұлттық университетінің профессоры:

— Мынау уақыт деген тұлпар сияқты жүйрік қой. Ә дегенше 2006жыл да жетіп келеді. Тағдырымыз бір болғаннан кейін біздің көбімізді мына жәйт толғандырады: Сіз өз кандидатуранызды 2006 жылғы Президенттік сайлауға ұсынасыз ба?

Президент:

— Алдымен, бұл сұрақты қойғаныңызға рақмет. Осындай сұрақтар маған жер-жерде жиі қойылып та жүр.

Мен 2006 жылғы келесі президенттік сайлауға түсемін бе? Бұл сұрақ екі жағынан — құқықтық және заңдық жағынан зерделенуі керек, саяси проблема бар. Заң бойынша Конституция мен заңдар маған келесі сайлауға түсуге құқық береді. Сондықтан 2006 жылы мен өз кандидатурамды сайлауға ұсынуға әзірмін және халықтан тағы да Президент болуға құқық сұрайтын боламын. Әрине, бұл мәселені халық шешетін болады. Егер халық маған сенім артса, мен Президент болып жұмыс істеймін және біздің мемлекетімізді нығайтып, қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруды жалғастыратын боламын.

Б. Жексенбай, “Хабар” агенттігінің журналисі:

— Қазақстандағы белгілі азаматтардың Елбасына деген жүрекжарды сөздерін жеткізуді

жөн көріп отырмын. Халық қаһарманы Қасым Қайсенов өз жеделхатында былай дейді: “Нұрсұлтан қарағым, тәуелсіздігімізді баянды ету жолындағы еңбегіңіз ұшан-теңіз. Біздер, от пен оқтың арасынан Алланың бұйрығымен аман қайтқан майдангерлер, Сіз жүргізіп отырған елдіктің саясатын әркез қолдаймыз. Сіз еліңіз бен жеріңіздің амандығын тілесеніз, біз Сіздің амандығыңызды тілейміз”.

Сондай-ақ Қазақстанның халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың Сізге арнаған сөздерін келтірейін: “Шынайы патриоттар — біздің отандастарымыз елге Өзіңізше еңбек сіңіруді тілеп, құлшынады. Иншалла содан да мемлекетіміз мерейлі, қуаттанып келеді. Анау жылдары 80-ге келмей, тақтан түспеңіз, 90-ға келмей аттан түспеңіз деп едім. Сол тілегім — тілек”.

Бұндай хаттар басқа адамдардан да, соның ішінде оқушы балалардан да түсіп жатыр.

Николай Яковиди, Алматы қаласының тұрғыны:

— Мен Алматыда 50 жылдан бері тұрамын. Ол республикадағы ең сұлу қалалардың бірі. Алайда, оның жолдарының жағдайы жанымды ауыртады. Бізде екі көше — әл-Фараби және Фурманов көшелері ғана тәуір. Қалған көшелермен жүру мүмкін емес. Жол төсейтін жаңа техникалар сатылып алынды деп естідім. Олар пайдаланыла ма, көшелеріміздің жағдайы жақсара ма?

Президент:

— Орынды сұрақ, мен де алматылықпын және Алматыны жақсы көремін. Біз Астанаға көшкенмен, Алматыны ұмытқан жоқпыз. Шындығын айту керек, Алматы нашарлаған жоқ өркендеп, жақсаруда: жаңа үйлер салынып, жаңа нысандар пайда болуда — бұл адамдардың көзін қуантады. Бірақ сіздің сұрағыңыз дұрыс және түспалыңызды да түсіндім: Сіз менің Фурманов және әл-Фараби көшелерімен жүргендіктен ешнәрсені көрмейсіз дегіңіз келеді ғой. Айтпақшы, Алматыға соңғы барғанымда Бағанашылға (Іле Алатауындағы демалыс аймағы) соқтым, онда теннис ойнайтыным сіздерге белгілі, содан әдейілеп “Қазақфильм” шағын ауданына бардым. Сонда маған ілескен көліктер жолмен өрең жүріп өтті, мен дереу бұл туралы Храпуновқа айттым. Ал “Алатау” санаторийі жағына барар жердегі базар жанындағы жолдардың қандай екенін де көріп жүрмін. Алматыға соңғы барғанымда, барлық аудандардың әкімдерін және қала әкімін жинап, осы мәселені қарадық. Ақша жетіспейді, сондықтан биылғы бюджетті қайта қарау кезінде Алматыға 3,5 миллиард теңге бөлуді Үкіметке тапсырдым. Бұл қаржы жолдарды қалпына келтіруге жұмсалатын болады.

Барлық осынау мәселелер бойынша Алматы әкімін тыңдаған дұрыс болар деп ойлаймын.

Сұрақ:

— Мені, Алматы тұрғыны ретінде, өскемендіктер секілді экология мәселесі толғандырады. Өткен ғасырдың 90-шы жылдары Сіздің басшылығыңызбен зиянды өндірістерді қала сыртына шығаруды, көліктерді электрлендіру, метро құрылысы және айналма жолдар салу, басқа да ірі шараларды жүзеге асыруды көздейтін үлкен экологиялық бағдарлама қолға алынған еді.

Сонымен қатар Алматының төңірегінде тау жағынан бүкіл жасыл желекті жоятын нысандар өте көп салынуда.

Президент:

— Қала экологиясын жақсартуға адам саны аз болуы, шоғырлануы аз болуы үшін де мен елорданы Алматыдан көшірдім. Алматы — бұл еліміздің інжу-маржаны, бұл қазақстандықтар үшін, бүкіл планетаның ең әдемі орны деуге болады, сондықтан да біздің тауымыз — Іле Алатауы, жасыл желектер, алма бақтары Алматының төңірегінде сақталғанына сіз бен біз мүдделі болуға тиіспіз. Және мұның өзі маған ғана емес, біздің баршамызға байланысты. Облыс әкімі мен қала әкімі табиғатқа уақытша пайдаланушы ретінде емес, оның иесі ретінде қараулары керек. Жақында арнайы қаулымен Ұлттық парк болып саналатын Іле Алатауы аймағында қандай да бір құрылыс салуға тыйым салдым. Мен ондағы үйлердің заңды түрде

салынғандығын, онда тазарту құрылғылары бар ма, жоқ па, қалдықтар Алматы өзеніне тастала ма, жоқ па, осыларды анықтауды тапсырдым, қазір мұның бәрі мұқият тексерілуде.

Бүгінде Бішкектен, Шымкенттен келетін жүк көліктері қалаға кірмеуі үшін Алматыны айналып өтетін “Солтүстік” айналма жолының мәселесі шешілуде. Мен қалай болғанда да метро құрылысын аяғына дейін жеткізуге, ең болмағанда алғашқы 10 шақырымды салуға тиіспіз деп есептеймін. Ал болашақта электр көлігінің санын арттырумыз керек. Алматы газ қалдықтарын көп шығаратын көліктердің жүруіне тыйым салуы керек, ондай көліктер әлі бар. Және де жыл өткен сайын саны еселене түсетін көліктер қаланы лаस्ताмайтын отын мен қондырғыны пайдалануын ойластыруы қажет. Таза ауа — бұл біздің ортақ мәселеміз.

Алматы бізді әрдайым жасыл желегімен қуантуы тиіс. Ретсіз құрылыстар облыстың да, қаланың да бұрынғы әкімдері жерді онды-солды үлестіруінің салдарынан жүзеге асты, бірақ қазір тәртіпті қаталдандыру, оларға айып салу, оларды тазалау құрылыстарын салуға мәжбүр ету керек. Мейрамханалар кез-келген жерде салынбасын, мен қарап көрдім, Үлкен Алматының жанында, селден қорғау дамбасының ар жағына салып тастапты. Олар не ойлайды екен? Бір тамаша күні оларды сел басып қалады, сонда ешкім де көмектесе алмайды. Сондықтан бұл мәселелерді қала

прокуратурасының алдына, құқық қорғау органдарының, санэпидстансаның алдына, олар өз міндеттерін орындауы үшін, қою керек. Бұл да қала әкімдігі шешетін мәселе.

Виктор Храпунов, Алматы қаласының әкімі:

— Алматы көшелерінің асфальт қабаттарын жаңалау сияқты барлығымызды толғандырып отырған мәселені алматылықтардың қойып отырғандығы дұрыс. Биыл 11 шақырым асфальт қабатын күрделі жөндеу, Алматы қаласында 23 шақырымдай жаңа жол салу жұмыстары қарастырылған.

Президент:

— Виктор Вячеславович, ол Фурманов пен әл-Фараби көшелері емес шығар деген үміттемін.

В.Храпунов:

— Жоқ, Фурманов пен әл-Фараби көшелері емес, Райымбек даңғылы, Полежаев көшесінен Емцов көшесіне дейінгі ұзындығы 5,6 шақырым жол. Ол Абай даңғылы — Алтынсарин және Саин көшесіне дейінгі аралық және Жандосов көшесі мен Әуезов көшесінің аралығы, Сәтбаев көшесі, Шаяпин және Жандосов көшесіне дейінгі аралық. Бұл көшелер биыл күрделі жөндеуден өткізіледі, ал қаланың 130 көшесінде шұңқырларды жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Көлік жолдарының тораптарындағы жұмыстарды жалғастырамыз.

Алматының 1600 шақырымдай асфальт жолының біздің климаттық жағдайдағы нормативті мерзімі — 12 жыл. Яғни, біз жыл сайын 123 шақырым асфальт жолын жөндеуіміз керек. Сізге рақмет айтқым келеді: біз қосымша 2 миллиард теңге алатын болдық және 5,5 миллиард теңгені құрайтын барлық қаржы асфальт жолдарын жөндеуге жұмсалады және жағдай біршама жақсарады. Ал тұрғындар айтқан техника мәселесіне келсек, біз “Вергент” фирмасының техникасын сатып алдық, алматылықтар биыл ол техниканы қайта-қайта жауып тұрған жауын тоқтағаннан кейін, Абай және Райымбек даңғылдарында көретін болады. Ұзаққа созылған көктем жол жөндеу жұмыстарына кірісуге мүмкіндік бермей отыр. Бұл күрделі техника еуропалық стандартқа сай асфальт жолдарын жөндеуге кіріседі.

Жүргізуші:

— Мен Алматы қаласының экологиясына қатысты кішкене қосымша айтқым келеді. Қазір онда тек бақтар ғана емес, тұрғын үйлердің алдындағы ағаштар да кесілуде, себебі үйлердің бірінші қабаттары коммерциялық дүкендерге беріледі, ал олардың иелері жасыл желектерден дүкендерінің маңдайшасындағы жазулар көрінбейді деп санайды. Сондықтан да, бұл өте күрделі мәселе.

Президент:

— Мен жұртшылықтың алдына міндет қойдым, оны елдің барлығы біледі. Құрылыс мақсаты үшін бір ағаш кескен адам екі ағаш отырғызып, оны 10 жыл күтуі керек. Сондықтан да, тек Алматының ғана әкіміне емес, барлық қала әкімдеріне тапсырма беремін. Иә, бізде санитарлық мақсатта, өндірістік мақсатта ағаштарды кеседі, құрылыс салу қажеттілігі де бар. Бірақ, бір ағашты кескен немесе қазып алып тастаған адам екі ағаш отырғызып, оны он жыл күтуі керек немесе айып төлеуі керек. Бұл тапсырма барлық атқарушы органдарға берілді және оны орындау керек.

Айжан Жандырбаева, Ақтөбе қаласының тұрғыны:

— Біздің облыста және Павлодар мен Шығыс Қазақстанда 149 нәресте туберкулез вакцинасынан ауру жұқтырды. Бұл туралы жазылып жатыр, теледидардан көрсетілді. Солардың арасында менің құрбымның баласының ауырғаны да жанға батып тұр. Бұндай жағдайдың тууы неліктен? Осыған орай, қазір мемлекет өзінің азаматтарын осындай сапасыз дәрілерден қорғау үшін пендей шаралар қолданғанын білгім келеді.

Президент:

— Маған бұл оқиға белгілі, Қазақстанда осы сапасыз дәріден ауру жұқтырудың 300-ге жуық оқиғасы тіркеліп отыр. Біз дәрінің Белградтан

сатып алынғандығын анықтадық және қазір осы дәріні сатқандардың лицензиясы қайтарылып алынды. Бұл оқиға тексерілуде. Денсаулық сақтау министрлігіне ауырған балаларды бақылауға алу және оларды емдеу үшін барлық шараларды жасау, Қазақстан аумағында аталмыш вакцинаны қалдырмау туралы тапсырма берілді. Ол вакцина егілген балалар қазір медициналық тексеруден өтіп жатқандығын маған мәлім етті. Бұл вакцина біздің елімізде бірінші рет сатып алынып пайдаланылған және Денсаулық сақтау министрі менің тапсырмам бойынша қазір осы оқиғаларды тексеруде. Мен балалардың жазылып кеткенін қалаймын және мемлекет ол үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Мен балалар мен олардың ата-аналарына аяушылық білдіремін. Бүкіл республика бойынша вакциналарға деген талаптар мен медициналық тексерулерді күшейту керек.

Жүргізуші:

— Осы вакцинадан зардап шеккен балалардың ата-аналары — Қарағанды облысы Ақтау кентіндегі Анна Финкиден, Қарағанды облысының Саран қаласындағы Валерий Батарчуктан хат алдық. Олардың балалары осы вакцинаны егу салдарынан қатты зардап шеккен, бірақ ешқандай шара қабылданбаған.

Президент:

Егер бұл нақты оқиға болса, онда мен әңгімеден кейін олардың аты-жөндерін маған жазып беруді сұраймын және Денсаулық сақтау министрі осы нақты оқиғалар бойынша тексеру жүргізіп, маған баян етсін. Қажет нәрсенің барлығын жасауымыз керек.

Мәжит Ыдырысов, кәсіпкер, Талдықорған қаласы:

— Мен Сізге “ИПФ Серпер” ЖШС құрылтайшыларының, сондай-ақ “Талдықорған қалажылукомэнерго” несиегерлерінің, “Талдықорғанэлектрожылуқұрылыс” ААҚ, “Жалын” ЖШС, т.б. атынан сөйлеп тұрмын.

Алматы облыстық, Талдықорған қалалық сотында құқықтық басынушылық пен сыбайлас жемқорлық орын алып отыр, деп бар жауапкершілікпен айта аламын. Оған № 17927 қылмыстық іс пен № 2-1731-02 азаматтық іс дәлел. Жоғарғы сотқа қайтадан наразылық беру үшін қазір бұл істер біздің өтінішіміз бойынша Бас прокуратурада жатыр. Жеті жыл ішінде соттағы іс қарауларда 52 сот мәжілісі болып, онда Алматы облыстық сотының 26 судьясы мен Талдықорған қалалық сотының 9 судьясы істі қарап, біз әділ сотқа деген барлық үмітімізді жоғалттық.

Жоғарыда айтылған мәселелерге байланысты, біз шарасыздықтан Қазақстан Республикасы

Конституциясының кепілі ретінде, Нұрсұлтан Әбішұлы, сізге өтініш айтып, жоғарыдағы мәселе бойынша ҚР заңына сәйкес көмектесуіңізді сұраймыз.

Президент:

— Сіз нақты сот шешіміне қатысты әділетсіздікке душар болып отырсыз, мен солай деп түсіндім. Сондықтан, Мәжит Ыдырысовтың отінішін Бас прокуратура бақылауға алуын өтінемін. Президент Әкімшілігі осы мәселені қадағалап, маған баян етсін. Барлық сот істерінде екі тарап бар. Арыз беруші және арызды қарайтын сот жағы бар. Түсінсеңіз, маған қазір пікір айту қиындау. Бірақ, нақты іс бойынша тапсырма беремін, істің мән-жайын анықтайық.

Жалпы алғанда, бізге Қазақстанның сот жүйесі туралы айту керек. Біздің реформаларымыздың жақсы дамығанын біз ғана емес, дүниежүзінің сарапшылары мойындап отыр. Бірақ бұл үрдіс барысында біздің сот жүйеміз ақсап отырған жайы бар. Әйтсе де, біздің қазіргі сот жүйеміз бұрынғыдай емес. Адамдардың судьяларға көбірек сене бастағанын білемін. Олардың мәселелері қанағаттандырылуда, бірақ шешімдерге риза болмайтындар орқашан табылады. Дегенмен, әділдік болуы керек және біз оны қадағалаймыз. Сот жүйесі біздің бағдарламамызға сәйкес реформалануы керек, біздің судьялар бүгінде

ешкімге тәуелді емес, оларды Президент тағайындайды. Олар Конституция мен заңға ғана бағынады.

Бұл бірінші мәселе. Екінші — судьялардың арасында парақорлық болмауы үшін, біз судьялардың жалақысын көтердік, судьялар — бүгінде ең жоғары жалақы алатын Қазақстанның мемлекеттік қызметкерлері. Менің білуімше, аудандық — ең төмендегі судья бүгінде 69 мың теңгеге дейін, ал облыстық судьялар 89 мың теңгеге дейін, ал Жоғарғы соттың судьялары 230 мың теңгеге дейін жалақы алады. Олар өз азаматтарына әділ қызмет етуі үшін біз, бәріміз өз салықтарымыз есебінен жеткілікті жалақы төлеп отырмыз. Осыған қарамастан, тек өткен жылы 9 судья қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Олардың бесеуі сотталды. Өз қызметтерінен босатылған судьялар да бар. Бірақ, менің ойымша, біз бұл реформаны соңына жеткізгеніміз жоқ. Біз, бір жағынан, судьяларды барлық қажеттілікпен, олардың тәуелсіздігін қамтамасыз етудеміз. Ал екінші жағынан, заң бұзушылық, әсіресе, судьялардың сыбайлас жемқорлық әрекеттері олардың өздеріне өмірлік сабақ болатындай түрде жазалануы керек. Олар барлық жеңілдіктерден, қызмет істеген кезіндегі, қызметтен кейінгі жеңілдіктерінен айрылады. Яғни, елде халық судьяларға сеніп, барлық мәселелерін шешу үшін соларға баратындай жұмыстар жүргізуіміз керек.

Жүргізуші:

— Конституцияда жазылған құқықтарын қорғап шығатын, ең сенімді кепіл болатын ең әділ адам ретінде көпшілік қауым Өзіңізден араша сұрайды. Соңғы үмітін артып хат жазады. Солардың бірі — Атырау қаласының тұрғыны Қожағалиев Алпамыс Орынбасарұлы. Оның жазуына қарағанда, Тухфатова Дина есімді сот қызметкері заңды белінен басып, үкім шығарған. Арыздың иесі осы іс бойынша өзінің ақтығын дәлелдеп беруге дайынмын дегенді айтады.

Президент:

— Егер солай болса, судьяның іс-әрекетін қарауды Республиканың Бас прокурорына тапсырамын. Істі қарасын да, маған баян етсін.

Александр Мухин, Күзембаев атындағы шахтада жұмыс істейді және Қарағанды шахтерлерінің атынан өкілдік етеді:

— Менің мынандай сұрағым бар. Қарағанды облысы негізінен өндіруші өнеркәсіптің есебінен күн көріп отырғаны белгілі. Ал біздің Қарағанды өңірі көмір өндірудің арқасында күнін көріп отырғандығы рас. Біздің қарағандылық шахталар ескі, көбінің қоры таусылған, осыған байланысты мені және менің жолдастарымды бір нәрсе қатты алаңдатады. Егер де осы шахталардағы қорлар түгесілсе бізді, қаланы не күтіп тұр, олардың даму болашағы қандай болмақ?

Президент:

— Менің қарағандылық жерлестеріме сәлем. Сәті түскен жағдайды пайдаланып, сіздерді таяуда өткен мерейтоймен — Қарағанды облысының 70 жылдығымен құттықтағым келеді. Бақыт пен игілік тілеймін. Сіздерді көргеніме қуаныштымын. Сұрақ өте жақсы. Сіздерге белгілі, Қарағандыны, барлық кәсіпорындарды, шахталарды мен жақсы білемін, бір кездері олар 26 болды. Жер астындағы, үстіндегі шахталардың бәрін де мен аралап шықтым. Сіздердің көпшіліктеріңізбен мен дидастарым. Аталған проблема маған белгілі. “Испат-Кармет” инвесторлары кейінгі кездері олардың көпшілігін қалпына келтірді. 10 шахта қазір жұмыс істеп тұр. Рентабельді емес энергетикалық шахталар қазір жабылған немесе жеке меншікке берілген. Қазіргі жағдайлары жаман емес. Қарағандыда көмір бітті деп айтуға әлі ерте. Менің білуімше, әлі 40-50 жыл өндіретін көмір бар. Бірақ, көмір де, газ да әйтеуір бір кезде түгесіледі. Ол қалпына келмейді.

Сондықтан Қазақстан шикізат ресурстарына тәуелді болып қалмауы үшін, біз Қазақстанның Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жасадық. Осы стратегияға сәйкес біз болашаққа арналған зауыттар, фабрикалар саламыз, олар осы заманғы мәшине жасау өнімдерін шығарып, ауылшаруашылық шикізатын өңдейтін, халық тұтыну тауарларын және басқаларын шығаратын

болады. Және де сіздер Қарағандыда сервистік қызметтің қалай дамып жатқандығын көріп отырсыздар. Дамыған елдердің экономикасында сервистік қызмет көрсетулер экономиканың 70 пайызын құрайды. Бұл банкілік жүйе, үйде қызмет көрсету, мейрамханалар, спорттық кешендер және басқалар, онда мыңдаған адамдар жұмыс істейді. Мәселе мынада, адамдарға қайтадан мамандық беру, кәсіби-техникалық училищелерді қалпына келтіру қажет, жастар жұмыс табуы тиіс. Сондай-ақ Қарағандыға жақын жерде Астана құлаш жайып келеді, жүрдек пойыз — электричка бар, кейбіреулер осында барып-келіп жұмыс істеуде. Бұл қалыпты жағдай. Сіздер білесіздер, Мәскеудің түбінде және үлкен қалаларда осылай болып жатады. Болашақта Қарағандыға жұмыссыздық қаупі төніп тұрған жоқ деп ойлаймын. Ол уақытта да индустриялық Қарағанды өз орнын табады және өркендейді, мен бұған толық сенемін. Ал сіздің болашақ үшін алаңдаушылығыңыз маған ұнайды.

Айжан Ешмұхамедова, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті:

— Менің мынадай сұрақ қойғым келеді. Қазір Қазақстандағы саяси партиялардың саны оннан асты. Жаңа партиялардың құрылуына Сіз қалай қарайсыз?

Президент:

— Көп партиялардың пайда болуы — елімізді демократияландырудың белгілерінің бірі. Халыққа өз бағдарламаларын ұсынып, қолдау табатын жекелеген тұлғалардың емес, мықты саяси партиялардың болуы халықтың мемлекетті басқаруға жаппай қатысуы болып табылады. Саяси партиялар арқылы Парламентке депутаттар өтеді, заңдар қабылдайды, яғни халықтың атынан іс жүзінде мемлекетті басқарады. Осыдан 2 жыл бұрын саяси партиялар туралы жаңа заңның жобасы талқыланған кезде 50 мың дегеніміз көп, көпшілігі бұл межеден аса алмайды деп шулағандар аз болған жоқ. Бірақ, керісінше болды. Өздеріңіз көріп отырсыздар, 10 саяси партия тіркелді, заңмен адамдардың партияларға бірігуіне барлық жағдайлар жасалынды.

Қазір адамдар өздері қалаған саяси партияларға бірігуде. Өздері қалаған дінді ұстайды. Өздері қалаған тілді пайдаланады. Үкіметтік емес ұйымдар да жұмыс істеуде. Яғни, толық бостандық қамтамасыз етілді. Осыдан 10 жыл бұрын мұндай ештеңе болған жоқ қой. Бүгін біз осылардың ешқайсысы болмағандай үйреніп, ұмытып кеттік. Еркін бұқаралық ақпарат құралдары да — біздің қоғамның демократиялылығының белгісі. Партия рөлінің нығаюы Қазақстан дамуының принципті сәті. Сондықтан демократияның даму деңгейі саяси партиялардың санымен емес, олардың мәнімен анықталады.

Жалпы, менің Президент ретіндегі ғана емес, еліміздің азаматы ретіндегі пікірімді білгілеріңіз келсе, мен саяси партиялардың санының аз болғандығын, бірақ олардың нағыз іскер, өздерінің бағдарламаларының болғандығын қалар едім. Партиялар өзара күресіп, бәсекелесіп, халыққа жақсы жағдайларды ұсынса. Нақты партияның, оппозицияның болуы қоғам үшін әрқашан игілікті. Яғни, олар жұмыс істеп тұрған билікті сынай отырып, оларды жақсы жұмыс істеуге міндеттейді. Жаңа бағдарламаларды ұсына отырып, жаңа өмірді қамтамасыз етеді.

Дамыған мемлекет болуға ұмтылатын дамушы мемлекетте мықты саяси билік болуы керек. Мұндай президенттік билік Қазақстанда бар. Өзім Президент болғандықтан ғана емес, мен оның біздің ел үшін игілік екендігіне сенімдімін. Қазір Қазақстан дағдарыстың қиыншылықтарын еңсеріп, дамуға аяқ басқан кезде саяси партиялар өзара келісімге келіп, біртұтас саяси жұдырық құруын қалар едім. Және де біз Қазақстанға жаңа серпін беру үшін топтасар едік. Саяси қызбалықты біз кейін көріп алармыз. Тағы да 5-6 жыл өтеді, ел гүлденгенде, біз соншалықты дамыған елдер қатарына кірмесек те, орташа дамыған елдер қатарына кіреміз. Егер олар консенсусқа келсе, мен олармен кездесіп, біртұтас бағдарламаны, экономикалық және бұдан былайғы саяси реформалар жүйесін талдап жасар едік. Міне бұл біздің бәріміз үшін, біздің еліміз бен ТМД елдері

үшін игілік болар еді. Өйткені ТМД елдері қазір-қазір дағдарыстан шығып келеді. Менің пікірім осындай.

Мират Бахтин, Қазақ мемлекеттік медициналық академиясының докторанты:

— Қазақстан бір кездері шикізатқа негізделген экономикадан шығып, жоғары технологиялық өндіріс құра ала ма?

Президент:

— Бұл өте жақсы сауал. Қазақстан мен оның экономикасының мүмкіндіктерін пайдаланып, біз шетелдік сарапшылармен бірге Қазақстанның 2015 жылға дейінгі Индустриялық-инновациялық стратегиясын талдап жасадық. Бұл бағдарламаның орындалуы елдің ішкі жалпы өнімін 3,5 есеге арттыруы тиіс. Яғни, біз мұнай өндіруші елдердің теріс тәжірибесін немесе Еуропада голланд ауруы аталған тәжірибені қайталамаймыз.

Шикізат қорларына арқа сүйеп, қол қусырып отыра берсек, ол қорлар бір кезде таусылады және олардың орны толмайды. Біз осы мәселе туралы қазірден ойластыруымыз керек. Менің ойымша, біз дер кезінде ойландық. Біз тек аталмыш бағдарламаны жасап қана қоймай, қаржы институттарын құрдық. Олар — Даму банкі, Инвестициялық қор, Инновациялық қор және Экспортты сақтандыру жөніндегі корпорация. Бұл қорлардың барлығы капиталдандырылған,

мемлекет ақша бөлген. Және биылғы жылы бағдарлама жұмыс істей бастады. Маған барлық аймақтан 220 жоба ұсынылды, олардың ішінде 4 миллиард америка долларына жуық сомаға 173 жоба қаралуда деп баян етті. Міне, бізде қаншама ұсыныстар бар. Демек, бізде ақылды адамдар бар, бізде Курибиндер бар, бізде халықаралық конкурстардың лауреаттары бар, бізде ғылым да бар. Біз осынау инновацияны өмірге енгізуіміз керек, Тек Даму банкі ғана биыл 45 жобаны қарастырады, сондықтан да біз бәсекелесе алатын, яғни тек Қазақстанда ғана емес, ТМД елдерінде, алыс шетелдерде сатып алынатын өнімдер өндіруіміз керек. Біз осындай технологиялар әкелуіміз керек. Мемлекет те біз үшін басымдықты, әсіресе инновациялық болып табылатын жобаларға жеңілдіктер, салық жеңілдіктерін қарастырады.

Тағы бір айтайын дегенім, біз амортизацияны 20 пайызға көтеру жолымен өндірістік аппараттарды тездетіп ауыстырмақ ниетіміз бар, яғни 5 жылдың ішінде жаңа өнімдер өндіру үшін барлық жабдықтарды ауыстырып, жаңа мәшине жасауға кірісу керек. Ал жаңа технологиялар мәселесіне келсек, жақында Сингапурға жасаған сапарымның барысында, шын мәнісінде ешқандай табиғи қоры жоқ кішкентай мемлекеттің 40 жыл ішінде жан басына шаққанда ішкі жалпы өнім көлемі бойынша, әлемдегі 4-інші орынға шығып отырғанын көрдім. Олардың тәжірибесін қолдана

отырып, біз қазір 4 технопарк құрудамыз: Оралда мәшине жасау, прибор құрылысы және мұнай химиясы бойынша, Қарағандыда кен-металлургия кешені, химия және экология бойынша, Алматыдағы Қазақ Ұлттық университеті мен Техникалық университет базасында, Алатау кентінде ақпараттық технология бойынша, Ақмола облысының Степногор қаласында немесе Астанада биологиялық технологиялар орталығы құрылады. Бұл технопарктерді құрып, дамытатын боламыз. Міне, осы төрт кешен үшін қазір бағдарлама жасалып, аталған бағыттар бойынша әлемдік бизнес көшбасшыларын тартуға жағдай жасалуда. Бұл мәселемен Қазақстан күнделікті айналысуы керек және біздің адамдарымыз бен ғылымымыз, біздің университеттеріміз оған атсалысуы тиіс. Бұл бағдарламаларды жүзеге асыру жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Осыдан соң адамдарды оқыту қажеттілігі туындайды. Жаңа технологиялар, шет тілдерін білетін, шетелдерде оқыған, біз өкелетін техникалардың тілін білетін адамдарды тарту дегеніміз — Қазақстан шикізаттық емес салаларда бәсекеге қабілетті өнім шығару үшін қажет, яғни бұл үлкен кешенді жұмыс.

Сұрақ:

— Сізге Екатерина Прокудина телефон соғып тұр. Мен 14 жастамын. Әсем де үлкен Мәскеу қаласында тұрамын. Тағдырдың жазуымен, мен

денсаулығы жағынан әлсіз болып тудым. Сондықтан да жеке оқимын. Бірақ, мен оқуды жақсы көремін және мектеп өміріне белсене атсалысамын. Мәселе менде үлкен проблема болып тұрғанында. Біздің мектепте мұражай ұйымдастырылуда және ол үшін Сіздің әсем республикаңыз туралы материал жинау керек. Бірақ, біздің қалада мәлімет аз. Сізден өтініш, мүмкін Сіз біздің жас мұражайымызға көңіліңіз қиятын материалдар, кәдесыйлар ұсынарасыз?

Президент:

— Рахмет, Катя! Біріншіден, сенің сонау Мәскеуден телефон соғып отырғаның және Қазақстанға, біздің республикамызға деген ықыласың мені қуантып отыр. Кезінде, КСРО деген ортақ елде тұрғанда, араласу үшін ешқандай кедергі болған жоқ-ты, адамдар, балалар қонаққа келіп, бір-бірімен араласып жататын. Енді жағдай біршама күрделіленіп отыр. Сондықтан да, мен сенің өтінішіңе үн қатамын. Біріншіден, сенімен хат алысып тұратын өзіннің тең құрбыларыңды іздестіремін, сонымен бірге көмекшілеріме сендердің мұражайларыңа қажетті Қазақстан туралы, біздің адамдар жайында, сендердің тең-құрбыларың қалай өмір сүретіндігі туралы материалдар жіберуді тапсырамын.

Мен, Қазақстан мен Ресей балалары бірін-бірі көбірек білгенін, сендердің әкелерің, яғни біздер,

аға буын өкілдері сияқты бірін-бірі танып өскендерін жақтаймын және мұны сендердің жалғастырғандарыңды қалаймыз. Реті келсе, біздің қалай өмір сүретінімізді өз көзіңмен көруің үшін өзінді және ананды Қазақстанға қонаққа шақыруға тырысамын. Рахмет саған! Өзіңе бар жақсылық, денсаулық тілеймін және сенімен бірге оқитындарға сәлем жолдаймын.

Жүргізуші:

— Жаңа ғана келіп түскен электронды пошта арқылы саяси экономикалық тақырыпқа тағы бір сұрақ келіп түсті. Алматылық Айдын Мақаш есімді студент жігіт Қазақстан болашақта НАТО блогына кіруді жоспарлап отырған жоқ па деп сұрайды. Оның және бір сұрағы: Грузияның бүгінгі ұстанып отырған саясаты қандай? Сондай-ақ Еуразиялық одақтың 10 жылдығына қатысты жинақталған сауалдар да бар. Міне, осылар жөнінде айтып өтсеңіз.

Президент:

— Одақ ыдырап, тәуелсіздік алған тұста “Одақ” деген сөзден қашатынбыз. Дүние жүзіне қарасаңыздар, жаһандану кезеңінде жұрттың барлығы бірігу мәселесін ойласып жатыр. Себеп, оскелең де дамушы экономика үшін өнім өткізетін рыноктардың керектігінде. Сондықтан да Жердің түрлі қиырларында болып жатқан оқиғалар баршаны, әсіресе жастарды қызықтырады.

Бірінші сұраққа қатысты: Қазақстан НАТО блогына кіруді жоспарлап отырған жоқ. Сондай-ақ Грузиядағы ахуал белгілі, халықтың экономикалық жағдайы онда бұрынғысынша мүлде қиын болып қалып отыр.

Одақтар мен бірлестіктер туралы айтқанда бізге Орталық Азиядағы ынтымақтастықты нығайту керек. Ал болашақта Еуразиялық одақ қазақстандық тауарлардың әлемдік рынокқа шығуына көмектеседі. Біз төрт мемлекеттің интеграциялық одағына қатысты барлық құжаттарды ресми хаттау үшін Киевке жиналуды жоспарлап отырмыз. Оларда басқалармен қатар қазақстандық тауарлардың әлемдік рынокқа шығу мәселесі реттеледі. Біз үшін интеграциялық одақ формасы қажет деп санаймын.

Солтүстік Америкадағы интеграциялық бірлестікке қараңыздаршы. Америка Құрама Штаттары, Канада және Мексика. Канада мен Құрама Штаттар арасындағы күн сайынғы тауар айналымы 1 миллиард долларды құрайды. Мемлекеттердің Еуразиялық одағын қалыптастыру туралы мен 10 жыл бұрын айтқан идея өлгі бір афоризмді өзгертіп айтар болсақ, өмір сүріп, жеңіске жетуде. Көптеген саясатшылар бұл жөнінде айтуда, өйткені ол жаһандық дүниенің қажеттілігі. Бұл жай мәселе емес. Бұл ойын емес, егер біз дамығымыз келсе, біздің тауарларымыз барлық жерде өтуі үшін біздің рыноктық кеңістігіміз болуы керек.

Сондықтан да егер төрт мемлекеттің Біртұтас экономикалық кеңістігі құрылатын болса, мен мұны біздің идеяның ең үздік жүзеге асырылуы деп санайтын боламын. Ресей Азияда, Қазақстан Азия мен Еуропада, Украина, Беларусь Еуропада, бұл 4 мемлекет бұрынғы Кеңес одағы экономикасының 85 пайызға жуығын құрайды. Егер біз теміржол және кеден тарифтерін келісіп, 230 миллион адам тұратын Біртұтас Экономикалық Кеңістік құрсақ, бұл біздің бәріміз үшін, адамдардың капиталдық қозғалысы үшін, біздің жастарды оқыту үшін игілік болар еді. Ешкім басқа біреудің дербестігіне, саяси тәуелсіздігіне тимейді, бұл даму мен өркендеу үшін қажет.

Максұтқан Дүйсебеков, Түркістанның тұрғыны:

— Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының жыл сайынғы бас қатырып жүрген мәселесі — егістікке ауыз су жеткізу. Дикан қауымында “Анамыз — жер, атамыз — су” деген ұғым бар. Жер мәселесін шештік, су мәселесі әлі шешілмей келе жатыр. Сырдария өзенінен су алатын аудандардың мәселелері біршама шешілген. Сырдариядан су алмайтын аудандардың дикан қауымы жасанды су бөгеттеріне, өзендерге тәуелдіміз. Осыған орай, алды 50 жыл, соңы 30 жыл бұрын соғылған су қоймаларын қайта жаңартып, осы облысымызда тоқтап қалған мыңдаған дренаж жүйесін қайтадан іске қосу талап

етіледі. Осыған байланысты кешенді мемлекеттік бағдарлама жасалып, тиісті көмек көрсетіле ме? Бұл мәселелер қай уақытта шешілер екен, қалай шешілер екен? Бізге, диқан қауымына, су керек, жер керек. Осы мәселе шешілсе бұдан да жағдайымыз жақсарар еді.

Президент:

— Су мәселесі деген күрделі мәселе, тек қана біз шешетін мәселе емес. Сырдария өзені бірнеше мемлекеттің аумағынан өтеді. Олармен біз жыл сайын келіссөз жүргізіп, уағдаластықтар негізінде су аламыз. Егер, Түркістан туралы айтар болсақ, сіздер білесіздер, біз суды жергілікті кен-байыту комбинатынан Қаратау тауларына жеткізуге, сондай-ақ жерасты суларын пайдалану жөнінде шаралар алудамыз. Және бұл белгілі дәрежеде мәселені шешіп отыр. Ал енді су қоймалары мен каналдарға келетін болсақ, онда былтырғы жылы су туралы заң қабылданғанын еске салайын. Сол құжатпен танысу керек, оның ережелерінде аталған барлық мәселелер қарастырылған. Мәселен, жоғарыда сөз болып отырған магистральдік және ірі каналдар мемлекеттің қарауында болады. Ал ішкі тармақтары әрқилы арналарын, жер учаскелерін жалға немесе меншікке алуға болады, сондай-ақ ішкі су құбырлары сіздердің қарауларыңызда.

Бізге, әрине, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарындағы сумен жабдықтау

жағдайы белгілі. Проблеманы біз көршілерімізбен бірлесіп шешеміз. Мен, Орталық Азия мемлекеттерінің басшыларына су энергетикасы бойынша корпорация құру, тиісті келіссөздер жүргізу туралы Қазақстанның ұсынысын тапсыруға әзірмін. Мысалы, Қазақстан көрші елдерге жанар-жағармай материалдарын бере алар еді. Ал өтеуіне су алады. Бірлесіп су қоймаларын жасауға, сондай-ақ электр беру жүйелерін пайдалану мәселесін шешуге болады. Және де осының бәрін көрші елдер президенттерімен талқылау мүмкіндігі бар. Ал жалпысында бұл мәселелерді жергілікті әкімдіктер арқылы (бұл жоғарыда аталған заңда көзделген) және Үкімет арқылы шешуге болады деп санаймын.

Әлия Қалдыбекова, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан қаласының тұрғыны:

— Менің сұрағым, таза ауызсумен қамтамасыз етуге қатысты. Біздің қалада су құбыры жоқ. Сапасы талапқа сай емес, дәмі қышқылтым суды пайдаланамыз. Балалар жиі ауырады. Таза ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі шешілер ме екен?

Президент:

— Бұл күрделі мәселе. Ол проблема кеңестік кезеңнен қалған. Содан бері өткен жылдары біз оны шеше алмадық. Алайда, қазір сондай мүмкіндік пайда болды. Әңгіме республиканың

14 өңірінде жалпы ұзындығы мың шақырымға дейін жететін су құбырына жөндеу жүргізу қажеттігі туралы болып отыр. Сондықтан Үкімет 2010 жылға дейінгі кезеңде ауылдық елді мекендерді таза ауызсумен қамтамасыз ету бағдарламасын қабылдаған. Су құбырларын 14 облыста, 235 елді мекенде жүргізу керек. Үлкен жұмыс ауқымын орындауға тура келеді және оларды жүргізуге 115 миллиард теңге бөлінуі тиіс. Бұл жұмыс басталып кетті. Үстіміздегі жылы 8,5 миллиард теңге аударылатын болады және жылдан жылға бұл сома өсе береді.

Жыл сайын сумен жабдықтауды жақсарту жөніндегі жұмыстар жүздеген елді мекендерде жүріп жатады және жағдай жақсарып келеді. Мұндай жұмыстарды орындауға республиканың ғана емес, сондай-ақ кредит беретін Ислам даму банкінің, Азия даму банкінің қаражаты бөлінуде. Банктердің қаражаты аталған өңірлерге, соның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысына жолдануда. Осылайша мемлекет тұрғындарды таза ауызсумен қамтамасыз ету проблемасын шешуге байыпты назар аударып, бұл бағытта нақты шаралар қабылдауда. Бұл мәселелердің шешілуіне халықтың денсаулығы байланысты болып тұр, сондықтан да мемлекет бұған айырықша назар аударуы керек.

Жүргізуші:

— Президент мынадай сұрақ түсті: “Жуырда Сіз

мемлекеттік қызметтің сапасын арттыру керек деп мәлімдедіңіз. Сіз мұны қалай жүзеге асырмақсыз – жалақыны ұлғайту есебінен бе, әлде басқа тәсілмен бе?”.

Президент:

— Өте орынды сауал. Біз 2030 жылға дейінгі Қазақстанды дамыту стратегиясын жасағанда, оның негізгі бағыттарының бірі — қазіргі заманғы мемлекетті басқаратын кәсіби үкімет болды. Заман талаптарына сай келетін жоғары білікті адамдар ғана мемлекетті алға апара алады.

Сингапурдың немесе Малайзияның тәжірибесі ерекше. Сингапурлықтар дүние жүзі бойынша белгілі-бір мамандықтар бойынша соңғы курстардан студенттер іздестірді, олар оқуларын бітірген соң бірнеше жыл Сингапурда жұмыс істеулері тиіс еді. Ал малайзиялықтар Жапонияға келіп, зейнеткер жапондарды Малайзияға келіп 5-10 жыл жұмыс істеуге шақырды. Біз де сондай кезеңге жақындап келеміз, тәжірибелі шетелдіктердің ішінен менеджерлер, ұлттық компаниялардың басшыларын тағайындау керек болса, ұялатын жөн жоқ. Тіпті Үкіметті, министрлікті басқаруға шетелдік менеджерлерді шақыруға болады. Кеңес одағымен бірге біз артта қалған “қалыс” уақытта қуып жету үшін біз, міне, сондайға да барамыз.

Мемлекет бұл мәселеге үлкен назар аударып отыр, бұл туралы мен жақында Астанада өткен

мемлекеттік қызметкерлер кеңесінде айттым. Біз “Болашақ” арнасы бойынша 700-ге жуық адам тәрбиеледік, олар қазір түрлі салаларда, оның ішінде мемлекеттік қызметтерде жұмыс істеуде. КИМЭП институтында біз жыл сайын батыс технологиясы бойынша 200 жас маман дайындаймыз. Қазақстанда Қазақстан-британ институтын құрдық және біз қазір барлық мемлекеттік қызметкерлер тәжірибеден өтетін әлеуетті Мемлекеттік қызмет академиясын құрмақпыз. Біз ТМД-да алғашқылардың бірі болып “Мемлекеттік қызмет туралы” Заңды қабылдап, онда кім саяси, кім әкімшілік қызметкері екеніне анықтама бердік.

Мемлекеттік қызметкерлерге дұрыс жұмыс істеуі және оларды сырттан әкелмеу үшін, жақсы жалақы төленуі керек. Сондықтан, менің Жарлығым бойынша, биылғы жылдан бастап мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы 50 пайызға көтерілді. Олардың жалақысы ТМД-дағы ең жоғары жалақы. Бұл біздің мемлекеттік қызметкерлерімізге “халық үшін еңбек етесіңдер” деген талап. Кез-келген деңгейдегі мемлекеттік қызметкер өз қызметін көзір етпеуі керек. Кошеде тұрған МАИ қызметкері — өкіметтің өкілі және мемлекеттік қызметкер. Ол халыққа бұйрық бермей, халыққа қызмет етуі керек. Мемлекеттік қызметкер өзін астам санамауы тиіс, ол алдына келген адамдарға тезірек қызмет көрсетуге

тырысуы керек. Бұл елдің беделін қалыптастырады. Былайша айтқанда, олар ел басшыларының беделін қалыптастырады. Ал барлық деңгейдегі өкімдер халыққа жақын тұруы керек. Мемлекеттік қызметкерлер ең алдымен өз міндеттерін орындауы тиіс. Мысалы, Сингапурда мемлекеттік қызметкердің немен айналысу керектігі толық жазылып көрсетілген. Мемлекеттік қызметкер “Үш қабатты үйінді қандай қаржыға салдың?”, “Машинаны қандай ақшаға алдың?” деген сауалға жауап беруге қорықпауы керек. Ол өзін-өзі ұстай білуі, үлгілі патриот болуы, ел заңдарын білуі және оларды түсіндіре алуы, елі қабылдап жатқан бағдарламаларды білуі, олардың не үшін қызмет ететіндігін және адамдар үшін оның перспективасын түсіндіре білуі керек. Ол шағын және орта бизнеске көмектесуі, Қазақстан экономикасын дамытуға кедергі келтірмеуі, көмектесуі керек. Біз осындай мемлекеттік қызметкерлерді тәрбиелеуге тиіспіз. Мемлекеттік қызметке конкурспен қабылдайтын тест сынақтары шенеуніктердің қатарын сапа жағынан жақсартты деген ойдамын. Қазақстандағы мемлекеттік қызметкерлердің орташа жасы 33-те. Мемлекеттік қызметкерлердің 53 пайызын әйел азаматтар құрайды, бұл жақсы жайт. Әйелдер жүрген жерде реттілік те, тәртіп те, жауапкершілік те бар.

Мемлекеттік қызметкер болуға дайындалып жүргендер бірнеше нәрсеге дайын болуы керек. Ол жоғары білікті, кәсіпқой және ағылшын тілін білуі тиіс. Бұл жәй сөз емес. Біз жоғары технологияларға қол жеткізгіміз келеді, ал олардың барлығы ағылшын тілінде сөйлейтін Батыста жасалады.

Еркінбек Батырханұлы Слямов, “Самай” шаруа қожалығының жетекшісі, Талдықорған:

— Қазақстан Бүкіләлемдік сауда ұйымына кірген жағдайда отандық тауар өндірушілерді қорғау үшін Үкімет қандай шаралар қарастыруда? Алғашқы кезде батыстық тауар өндірушілермен бәсекелесу қиын болатын шығар?

Президент:

— Қазақстанның БСҰ-ға кіруі — сән қушылық емес, ол елімізді одаң әрі дамыту үшін қажеттілік. Экономикасы ІЖӨ-нің 9-10 пайыздық жыл сайынғы қарқынымен дамып отырған ел тұрақты рынокқа ие болуы үшін, экономикалық әлеуетімізді үш еселеу үшін біз өз тауарларымызды қайда, қашан және қалай сататынымызды білуіміз керек. БСҰ-ға кіру біздің сыртқы саудамызды кеңейтуге, біздің тауарларымыздың шетелдік рыноктарға шығуына жағдай жасайды, ал ол үшін тауарларымыз бәсекелестікке қабілетті болуы керек. Ұйымға кіру мәселесі қазір қызу талқылануда және БСҰ-ға кіргелі отырған ТМД

елдерінің арасында біздің мүмкіндігіміз басымырақ.

Дегенмен, екі мәселе бар. Біріншіден, біз тауарлар үшін шекараны ашуымыз керек, бізге жақсы өңделген, жақсы оралған және жақсы жабдықтарда жасалған шетелдік арзан тауарлар келе бастайды. Халық үшін бұл игілік. Бірақ, біздің тауарларымыздың олардың қасында сұры қашады. Бұл ауыл шаруашылығы және халық тұтынатын тауарларға қатысты. Сондықтан, БСҰ-мен келіссөз жүргізгенде, біз өзіміздің де мүмкіндіктерімізді ескереміз. Біз ауыл шаруашылығына демеу қаржы бермеуіміз керек дейді, алайда Еуропаның өзі дотация береді және біз оның қандай көлемде екенін білетін боламыз. Осылайша біз шетел тауарларына қарағанда, өзіміздің тауарларға жақсы жағдай жасап отырмыз. Сондықтан да, біз іске асырып жатқан ауыл шаруашылығын дамытудың үш жылдық бағдарламасы, ең алдымен, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеуді, өнім сапасын зерттеуді қарастырады.

Қазір тек мемлекет қана бюджеттен қаржы боліп отырған жоқ, сонымен қатар, Азиялық банк, Дүниежүзілік банк ауыл шаруашылығындағы өңдеу өнеркәсібін дамытуға бөсекелесе алатын, жақсы сапалы, әдемі орамдағы, шығыны аз, бағасы төмен ауылшаруашылық өнімдерін шығаруға несиелер беріп отыр. Осыған дайындалайық. Бізде 15 миллион халық бар, біз

өз тауарларымызбен Қазақстанды тойындыра аламыз. Ал, әрі қарай ше? Сондықтан да мен қазақстандық бизнестің қатал бәсекелестікпен күресте шынығуды үйренуін қалаймын. Жаһандық дүниеде өз орнын жеңіп алу үшін не істеу керек? Біздің тауар өндірушілеріміз бүгіннен бастап осыны ойлауы керек.

Ал қорғаныш шараларына келсек, біз сөзсіз, соңғы сәтке дейін өзімізге тиімді шарттар алу, біздің тауар өндірушілер оған дайындалып үлгеруі үшін қорғанып бағамыз.

Жүргізуші:

— Өлім жазасына мораторий жариялауға қатысты көп сауалдар қойылуда. Олардың ортақ мазмұны — бұл асығыс шешім емес пе дегенге сайып отыр.

Президент:

— Өлім жазасына мораторий енгізу мен үшін оңай шешім болған жоқ. Мен қарапайым адам ретінде, көшеге адам өлтіру үшін шыққан және оны өлтірген адам өзі де өлтірілетінін білуі керек деген сенімде болып келдім. Менің өмірлік ұстанымым осы болды. Өлім жазасына кесілгендерге рақымшылық жасау туралы материалдарды оқығанда, төбе шашым тік тұрады. Ондай күндері менің көңіл-күйімнің хошы болмайды. Сұмдық нәрселер туралы оқисың:

100 доллар үшін әкесін, шешесін өлтірген, жайдан-жай әйелдерді, бүкіл отбасын, балаларды өлімге қиған. Көлікті тоқтатып, жүргізушіні өлтіреді. Ондай адамның өмір сүруге құқығы бар деп қалайша айтуға болады?

Бірақ, сонымен бірге, әлемнің еш жерінде қатан жазаның қылмысқа қатысты жағдайды жақсартатындығы дәлелденбеген. Басқа жағынан қарағанда, бүкіл әлем өлім жазасын алып тастауға келе жатыр. Олар қандай дәлелдер келтіреді? Біріншіден, сот қателіктері болуы мүмкін. Адамды соттады, үкім шығарды, атып тастады, ал ол кінәсіз болып шығады. Бұл — бір. Екінші — Құдай берген ғұмырды Құдай ғана алады деген сөз бар. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, өлім жазасын алып тастау кісі өлтірушілердің санын арттыруға апармайды. Сондықтан да бұл әзірге мораторий ғана, қылмыстық жағдай күрделіленіп бара жатқан жағдайда, ол кез-келген уақытта алынып тасталады. Бірақ, біз өмірлік бас бостандығынан айыру сияқты жазаны енгізетін болсақ, бұл адамның тірідей өлгені деген сөз. Өлім жазасы ауыр ма, әлде өмірлік бас бостандығын айыру ауыр ма — ол әлі белгісіз. Менің ойымша, біз осындай қайырымды қадамға баруымыз керек, бірақ, біз бұл мәселе бойынша әлбетте, елдегі жағдайды және криминогендік ахуалды ескеретін боламыз.

Қазір халық есірткі таратқандардың жазасын қатайтуды талап етуде. Есірткі пайдаланатындарды емес, есірткі сататындарды және елге әкелетіндерді қатаң жазалауды талап етуде. Біз бұл есірткі деген бәлеге енді душар болып отырмыз. Қазақстанда бұрын дәл бүгінгідей нашақорлар болмаған. Сондықтан да біздің жастарымыз білуі керек, бұл молаға бастайтын жол, ештеңеге жеткізбейтін жол. Адам өзінің тамаша болашағын қор етеді. Ал Қазақстан өркендеген мемлекет болады, егер біз ортақ пікірде және ұмтылыста болсақ, мұнда өте бақытты да жақсы өмір сүреміз. Жастар, студенттер нашақорлыққа қарсы жалпықазақстандық қозғалыс ұйымдастыруы керек. Биліктің бүкіл атқарушы органдары дискотекаларда әрқилы таблеткалардың сатылуына қарсы шараларды қатаңдандыруы, қатал жазалауы, мұндай мекемелерді жабуы, айып салуы керек. Сот жүйесін де осы іске бағыттау қажет. Біз бұл қасіретпен күресуге тиіспіз, алайда өлім жазасымен, адам өлтірушілікке өлтірумен жауап бере отырып, біз барлық проблеманы шеше қоймаспыз.

Жүргізуші:

— Сотталғандардың туған-туыстарын амнистия мәселесі толғантады: биыл амнистия бола ма?

Президент:

— Біз жақын арада амнистия жүргізуді жоспарлап отырғанымыз жоқ. Қазақстанның сот жүйесін ізгілендіру стратегиясы ауқымында былтыр 24 мың адам қамау орындарынан босатылған болатын. Қазір мен болар-болмас қылмысы үшін мол айып төлеуі керектігін айтамын. Адамдарды жазалаудың түрлі тәсілдері бар. Егер, қылмыс қоғам үшін қауіпті болса, ол кісі өлтірумен немесе басқа да ірі қылмыстармен байланысты болса, иә, қатаң шаралар қолданылуы керек. Ал егер оның қылмысы қоғам үшін қатер төндірмесе, егер ол мемлекетке шығын келтірмесе, егер ол парақор немесе сыбайлас жемқор болмаса, онда мәселені басқаша шешу керек. Сондықтан бізге түрмелерде отырғандардың санын азайтып, біздің еңбекпен түзеу жүйелерін ізгілендіру жолымен жүру қажет.

Сағатбек Көкімбаев, тараздық кәсіпкер:

— Мен шағын кәсіпкерлікпен айналысамын. Шағын кәсіпкерлікті тексеруге мораторийді тағы бір-екі жылға созуға болмас па екен?

Президент:

— Әңгіме мораторий туралы ғана емес, шағын бизнес субъектілерін тексеру мәселелері жөніндегі заң қабылдау қажеттігі жөнінде болып отыр. Біз

оның жобасын қабылдауымыз керек, сол заңның жобасын талдап жасауымыз керек. Құжатты қандай тұлғалар тексеру жүргізуге өкілетті екені нақты айқындалуы тиіс, оны өткізудің мерзімдері, саны мен мерзімділігі айқын көрсетілуі керек. Ал Сізге келер болсақ, біз прокуратураға тапсырма берейік, егер заңсыз тексеріп жатса, онда шара қолданылады. Мұндай жағдайларда өкімдікке, прокуратураға хабарлаңыз. Жұмысыңызды алаңдамай істей беріңіз.

Сұрақ:

— Мен жеке фермермін. Менің иелігімде 1000 гектардан астам жер бар. Жаңа Жер кодексі бойынша жерді жалға беру мен қайталап жалға беруге байланысты мәселелерді ашып берсеңіз.

Президент:

Бұл мәселе барлық фермерлер үшін өте маңызды. Бізде жерді жалға алушылар өте көп, олардың жер туралы заң рұқсат беріп отырғанындай, осы жерді сатып алуға мүмкіндігі мен ақшасы жоқ. Алайда бұл арендаторларды ешкім де сатып алуға мәжбүрлеп отырған жоқ. Олар өз жерлерін жалға алуын жалғастыруы тиіс.

Жер жалға 49 жылға беріледі, сондықтан мұнда мазасызданудың қажеті шамалы. Дегенмен, бір кездері жерді жалға алғандар, ал өздері басқа

жаққа кетіп, сол жалға алынған жерді қайталап жалға берушілер бар. Міне осы қайталап жалға беру келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап аяқталады. Олай болса келіңіздер. Заңды орындайық. Біздің заң жұмсақ, әркімнің он жыл бойы төлеуіне мүмкіндік береді.

Константин Шевченко, Петропавл электр изоляциялау материалдары кәсіпорнынан:

— Солтүстік Қазақстан облысының аумағы арқылы ресейлік — Оңтүстік Орал темір жолы отетінін білесіз. Бүгінде Ресей жолы арқылы жүк тасымалдау тарифі Қазақстанға қарағанда біршама жоғары. Сондықтан да облыстың көптеген кәсіпорындары қосымша мол шығын тартуда. Жуырда бекітілген Біртұтас экономикалық кеңістік туралы келісім осы мәселені оңынан шешуге мүмкіндік бере ме? Мәселе біртұтас теңдестірілген тарифтік саясат туралы болып отыр.

Президент:

— Қазақстанның аумағындағы темір жол Қазақстанға қарайды, бірақ, біз Ресеймен арадағы тату көршілікті ескере отырып, Оңтүстік Орал жолының аталмыш бөлігін басқаруды Ресейге бердік, ал олар жауап ретінде бізге Шығыс Қазақстан облысының Локоть стансасындағы жолдың бір бөлігін басқаруға беріп отыр.

Еуразиялық ықпалдастық бастамасы тарифтерді біріздендіруді қарастырады. Қазір біз, төрт мемлекет Біртұтас экономикалық кеңістік туралы құжатты бекіттік. Мамыр айының соңында төрт ел президенттерінің Украинада бас қосуы өтіп, онда мемлекет басшылары бекіту грамоталарымен алмасады. Біз бірінші кезекте, төрт елдің арасындағы еркін сауда аймағы туралы мәселені қойғымыз келіп отыр. Қазақстан аумағы арқылы өтетін жүк құрамаларының тарифтері Ресейге кіргенде екі есеге қымбаттайтынын мен жақсы білемін. Дәл осы мәселені шешу мақсатында Ресеймен белсенді келіссөз жүруде. Бұл оңай мәселе емес. БЭК, ең алдымен, нақ осы мәселелерді шешу үшін құрылып отыр. Әлбетте, ресейлік теміржолшылар бәзбір ақшаларын жоғалтатынын айтады. Мен оларды ешкім әлі қажетінше санаған жоқ деп есептеймін. Тарифтік кестені біріздендіру біздің көбірек жүк тасымалдауымызға әкеледі. Ресей өзі арқылы көп жүк өткізіп, көп ақша алатын болады. Сондықтан олардың пайда табатыны немесе жоғалтатыны әлі белгісіз. Ресеймен сауда-саттығымыз өсіп отыр, қазір ол 5 миллиард доллардан асты, егер бұл мәселе шешілетін болса, сауда-саттық екі есе өседі деп ойлаймын.

Сұрақ:

— Мен зейнеткермін, 40 жыл мұғалім болып еңбек еттім. Бізді, зейнеткерлерді, коммуналдық қызмет ақыларының көтерілуіне, азық-түлік пен ең қажетті тауарлар бағаларының көтерілуіне байланысты зейнетақы қосыла ма деген сауал толғандырады.

Президент:

— Біз бен сіз кеңес дәуірінде өмір сүрдік қой. Менің есімде, зейнетақы кеңес кезінде де зейнеткердің барлық мұқтажына жетіп көрген емес. Менің есімде, шешем сол кездері 20 сом зейнетақы, әкем — 35-40 сом зейнетақы алатын. Бұл сауалға мен былай деп жауап беремін. Біз былтыр 1 миллион 300 мың зейнеткердің зейнетақысын көтергенімізді Сіз, бәлкім, жақсы білерсіз. Яғни, зейнеткерлердің 64 пайызы көтеріңкі зейнетақы алады. 2000 жылы орташа зейнетақы 3 мың 500 теңгеден 8 мың теңгеге көтерілді. Демек, біз зейнеткерлеріміздің қамтамасыз етілуін айтарлықтай жақсарттық.

Ал, бағаның көтерілуі — инфляцияның бір түрі дегім келеді. Біз енді зейнетақыны инфляция пайызына қарап индексациялайтын боламыз. Егер, инфляция былтырғыдай 6 пайызды құраса, онда зейнетақы да сонша пайызға көтеріледі.

Біз қазір Қазақстанда болашаққа арналған жаңа әлеуметтік бағдарламаны талдап жасау бойынша

жұмыс істеудеміз, бұл жөнінде мен сіздерге баяндайтын боламын. Біздің экономикамыз қаншалықты дамиды болса, әлеуметтік-қаржылық Қазақстан соншалықты жақсы болады, әлбетте біз аға ұрпаққа зейнетақы бойынша көмек көрсетеміз. Алайда, екінші жағынан, бүгінде жекеменшік зейнетақы қорлары бар, олар зейнетақыны өздерінде жинақтайтын болады, сол себепті болашақ зейнеткерлердің үш бастауы болмақ — бұл мемлекет, жұмыс беруші және адамның өзі. Және оның, зейнетақының белгілі-бір көлемін жинақтаған соң, қай кезде қажет деп санаса, зейнет демалысына шығу мүмкіндігі болады. Бұл болашақтың ісі, ал қазір біздің мемлекет зейнеткерлерге барлық көрші мемлекеттермен салыстырғанда көп қолдау жасауда және біз одан әрі де оны жасайтын боламыз.

Жүргізуші:

— Электрондық пошта арқылы зейнетақыны қайта есептеу мәселесіне қатысты көптеген сауалдар келіп түсуде. Оншақты хат — мамандықтары кеңес дәуірінде 1-інші, 2-інші санаттарға жатқан, яғни, кәсіптері көп жұмыс істеуді қажет ететін және денсаулықтарына зиян кәсіп иелерінен келіп отыр. Мен астаналық Валентина Кузнецованың хатынан үзінді келтірейін: “Қайта есептеулерден кейін, кезінде ауыр және зиянды өндірістерде жұмыс істеген адамдар, мәселен,

вахтерлерге немесе еден жуушыларға қарағанда аз зейнетақы алады. Егер, сіз, Нұрсұлтан Әбішұлы, металлург болып жұмыс істей бергеніңізде, сіздің зейнетақыңыз 6-7 мың теңге болар еді. Біз осы жағдайды түсіндіруді сұрап Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне бірнеше рет хат жаздық, бірақ, сырғытпа жауаптар алдық. Ауыр, зиянды жұмыстарда еңбек еткендерге қатысты қолданылған салалық коэффициенттерді қайта саралау туралы Үкіметке тапсырма беруіңізді сұраймыз. Біз, олар әділ емес деп есептейміз”. Жалпы есеппен, осындай мазмұндас 13 хат келген.

Президент:

— Мен де металлург-домнашы деген мамандықпен бірінші тізім бойынша толық еңбек өтіліне иемін. Не туралы әңгіме болып отырғанын да біліп отырмын. Әлемде бірде-бір мемлекет осылайша зейнетақымен қамтамасыз етпейді. Бірақ, мен қайта есептеу кезінде металлургтің жалақысы вахтердің жалақысынан аз болуы мүмкін емес, деп есептеймін. Мұндай болуға тиіс емес, себебі біз адамның зейнеткерлікке шыққан кезіндегі жалақысын ескереміз. Мүмкін Еңбек министрлігі бұл мәселені қайта қарауы керек шығар. Ал жеңілдікпен зейнеткерлікке шығу мүмкіндігін беретін бірінші тізімге келер болса, қазіргі жағдайда жер астындағы шахтаға, ыстық

цехтарға жұмысқа тұратын адам жұмыс берушімен келісім-шарт жасасуы керек. Жұмысшы үшін жұмыс беруші келісім-шарт бойынша, айталық, 10 немесе 15 жыл еңбек етіп, жеңілдікті зейнеткерлікке шығуы үшін оның зейнетақысын сәйкес түрде жинауы қажет.

Тергеу Айдарханов, мұнайшы:

— Халықта жер байлығы — бұл онда тұратын елдің байлығы деген сөз бар. Мені Ұлттық қор жөніндегі мәселе қызықтырады, ол халық үшін қашан жұмыс істей бастайды?

Президент:

— Откен жылы біз құрған Ұлттық қор туралы сауал жақсы сауал. Бұл мәселемен көптеген шет елдер айналысты және біз мұнаймен ғана күн көріп отырған елдердің теріс тәжірибесін қайталамауымыз керек. Энергетикалық қорлар әйтеуір бір таусылады және ол қалпына келмейді. Біз келер ұрпақтарымыз, балаларымыз туралы ойлауымыз керек. Сондықтан да мен шикізат тәуелділігінен кету үшін Индустриялық-инновациялық стратегияны жарияладым. Бұл қаржының бір бөлігі Қазақстан индустриясын дамытуға, шикізаттық кіріштарлықтан арылуға, біздің адамдарымыз зауыттар мен фабрикаларда жұмыс істеп, сапалы өнім шығаруы үшін жұмсалады.

Қазір мұнай бағасы жоғары. Алтын, мыс және хром бағалары да жоғары. Алайда біз бір баррелі үшін 35 долларлық мұнай бағасын ғана емес, 9-10 долларлық бағаны да есте ұстаймыз. Егер мұндай баға болса, адамдарға бюджеттен зейнетақысын қалай төлейміз, мұғалімдер мен дәрігерлерге қайдан жалақы төлейміз? Нақ осы қордан төлейміз. Ұлттық қор сонымен бірге, тағы да бір рол атқарады. Қазақстанда осындай қор, осындай алтын-валюта запасы бар екенін білген инвестор біздің елімізге қуана келеді, себебі ол тұрақты, төлемге қабілетті мемлекет, ол батыл түрде келуге болатын, өзін-өзі қамтамасыз ететін және ешкімге қол жаймайтын мемлекет. Бүгінде Қазақстан ешкімге берешек емес. Қажет болғанда біз өзіміз несие бере аламыз. Яғни, бұл үлкен игілік, бұл бақыт, бұл біз жүргізген реформалардың нәтижесі. Сондықтан да сұрақты дұрыс деймін. Мен де толық жауап бердім деп ойлаймын.

Максат Ақмұрат, “Арман” жастар орталығындағы еңбек биржасының жетекшісі, Ақтау қаласы:

— Біздің өңірде көптеген шетелдік мекемелер жұмыс жасайды. Сол мекемелерде шетел азаматтары мен Қазақстан азаматтарына, жұмыстары бірдей болса да, еңбекақыларының көлемі әртүрлі. Соны реттеуге жолдар бар ма?

Президент:

— Бұл мәселенің екі жағы бар — заңмен келіп жұмыс істейтіндер, заңсыз мигранттар болады. Заңдылары — бұлар Қазақстанда жоқ мамандар, сондықтан оларды шетелдік компаниялар шақырады. Әлбетте, ондай мамандар үшін квота жасалады. Ал енді оларды шақырған екенбіз, өз отанында алып жүрген жалақысынан аз төлей алмаймыз ғой. Әлбетте, біз оларға төлеуге тиіспіз. Заңсыз мигранттар бар, олар өздері келеді де, көбіне ауыл шаруашылығында жұмыс істейді. Міне, осында бізге тәртіп орнату керек. Олар заңсыз жұмыс істейді, қандайда бір жалақы алады, оларды ешкім тіркеп жатқан жоқ, бұл жалақыдан олар салық төлемейді, біздің халықтың әлеуметтік өміріне қатыспайды, яғни қолданыстағы заңнама біздің еліміздегі жұмыскерлердің өмірі мен қызметін реттеуі тиіс.

Жүргізуші:

— Мен Алматы облысының Дегерес ауылындағы Гүлнәр Омірсерікованың хатын оқып берейін: “Мені Сізге өзім шеше алмайтын қиындыққа тап болуым отініш білдіруге мәжбүр етті. Мен бір өзім төрт баланы тәрбиелеп отырмын және қызым Манараның беті мен екі қолында күйіктен кейінгі терең тыртықтар қалды. Оның жасы 15-те ғана, емделу тым қымбат екен,

жағдайым жетер емес. Егер мүмкін болса, көмектессеңіз екен”.

Президент:

— Мен Денсаулық сақтау министрлігіне осы жағдайды тексеруді тапсырамын. Алматы облысының әкіміне оның өтінішін қарауды, балаға көмек көрсетуді жүктеймін. Бәрі кейін маған баян етілсін. Телеарналардан осы мәселенің соңын қадағалауды сұраймын.

Жүргізуші:

— Электрондық пошта арқылы келіп түскен хат иелері Сіздің саясаттан тыс өміріңізге ықылас танытады. Мұндай сауалдардың саны қазірдің өзінде отыздан асып жығылады. Мен солардың кейбірін қойғым келеді және егер Сіз қарсы болмасаңыз, оларға қысқа қайырым тұрғысында жауап бере алар едіңіз.

Бірінші сұрақ — Алматыдан Салтанат былай деп сұрайды: “Сіздің киіміңіздің жеке дизайнері бар ма, Президент шеберлердің қайсысына ықылас танытады? Неге Сіздің ресми костюмдеріңіз қара-көк түсті? Бұл Сіздің жеке қалауыңыз ба, әлде дизайнер солай кеңес бере ме?”.

Президент:

— Шындығын айтқанда, протокол маған қара түсті костюмдер киюдi мiндеттейдi, ал мен өзiм

қара-көк түсті, жазда ашық түсті киімдерді ұнатамын. Менің ешқандай шеберім жоқ, белгілі бір фирмаларға артықшылық танытқан емеспін, деп мәлімдегім келеді. Менің дизайнерім де жоқ, белгілі бір кутерьем де жоқ. Менің өлшемдерім стандартты, киімді дүкеннен сатып аламын, иығым 54-ші өлшемде, үшінші рост, солар маған қонымды болады. Ал кейде өзгертіп тігуге тура келеді. Галстукты өзім байлаймын, жейдені өзім таңдаймын, өйткені мен шаруаның баласымын, өзім жұмысшыданмын, Президент ретінде осылардың кейбірі маған тиісті болса да, мен оларды пайдаланбаймын, өйтіп дағдыланбағанмын.

Жүргізуші:

— Тағы бір сұрақты атыраулық Талғат қояды: “Президент мырза, Сіз соңғы рет қолыңызда қашан қолма-қол ақша ұстадыңыз?”

Президент:

— Мен туралы жаман ойлайды екенсіздер. Біріншіден, кез-келген ақша купюрасының дизайнын Елбасы бекітеді. Екіншіден, шетелдерде болғанда, мен өз отбасымның мүшелеріне, достарыма сыйлық сатып алғанды жақсы көремін. Үшіншіден, жақында менің зайыбым “инженер кезінде, жалақы алып, оны маған ұстататынсың. Ал қазір оны да қормеймін” деп наз айтты. Мен

оған, барлық мемлекеттік қызметкерлер жалақыларын банкке аударады, міне карточканы ал десем, ол өзің қолмен бергенің дұрыс қой, дейді. Сондықтан да, жас кезімдегідей зайыбымның қолына ұстату үшін, ақшаның жартысын қолма-қол алуға мәжбүр болдым. Олай болса, мен жөнінде басқаша ойламасаңыздар екен. Шын мәнінде, Президент өзінің мәртебесіне қарай мемлекет есебінен қамтамасыз етіледі, бірақ, жеке өзіме қажеттіні өзім сатып аламын. Ал жалақыны мемлекеттік қызметкерлер сияқты аламын.

Жүргізуші:

— Астанада Аманжол деген азамат: “Сіз өзіңізді бақытты саясатшымын деп сезінесіз бе?” деген сауал қойыпты.

Президент:

— Кейде мұңаямын, кейде қуанамын. Маған да неге сирек күлетін болғансыз деген сауал қойылған. Менің айтпағым, келесі сайлау туралы ойлайтын саясаткер — жай ғана саясаткер, ал халқының болашағын ойлайтын саясаткер — мемлекеттік қайраткер. Міне, классикалық анықтамасы осы.

Саясаткердің бақыты мынада. Менікі секілді Президенттің жұмысын қолға алған екенсің, онда сен өз халқың үшін, өз елің үшін әлдеқандай жақсы, үлкен істі атқаруға бел бууға тиіссің. Егер

ондай ой жоқ болса, онда ештеңеге кірісудің қажеті жоқ. Екіншіден, саясаткер, әлбетте, белгілі-бір бағдарламаны ұсынады. Менің бағдарламам, мәселен, — Қазақстанды дағдарыстан шығару болды. Жұмыр Жердің бетінде Қазақ елінің болуы — менің басты бақытым. Қазақтар туралы қазір бүкіл әлем білетіндігіне, Қазақстанмен бірге қазақстандықтар туралы білетіндігіне бақыттымын. Дүние жүзінде Қазақстан туралы жақсы ойлар айтып жатқандығына бақыттымын. Қиын кездері бағдарлама ұсынып, қазір соның жемісін көріп отырғаным бақыттымын. Біз бүгінде табысты мемлекет саналуымыз үшін өз серіктеріммен бірге жақсы істі атқарғаным қазақстандықтар алғыс сезімін білдіреді. Біз экономикада табысқа жетудеміз, біздің бюджетте ақшамыз бар, жыл сайын халықтың тұрмысын жақсарту мүмкіндігіміз бар.

Не үшін мұңаямын? Әрине, ең ауыр мұңаю, адалын айтайын, өзің бірге жұмыс істеген, өзің сенген, оның үстіне өзің дос санаған адамдар бір кездері “алыстап”, тіпті сатқынға айналатын, мені сатып кететін кездері болады. Бұған да философиялық тұрғыдан қарау керек. Бірақ, мен бәрібір уайымдаймын. Шет елде тұрып, газеттерде жазса, онда түсінікті — ол саяси режим немесе кейбір алпауыттың мәселесін шешу. Ал сол әңгіме мемлекеттің ішінде көтеріле бастаса... Жас жігіттер

аяғынан тұрып, өскенше барлығын істейсің. Қалталарына ақша біткен соң, былайша айтқанда, билікті “жүргізгісі” келіп тұрады. Мемлекет дағдарыстан шығып, тұрақтанған кезде, барлығының билікті “жүргізгісі” келеді. Бірақ, мен Қазақстан үшін қатер нақ таяудағы онжылдықта төнетінін ескертемін. Ол туралы қазір айтпай-ақ қояйын, не туралы айтып отырғанымды мен білемін. Сондықтан дәл қазір ішкі саяси тұрақтылықты сақтауға зор көңіл бөлу керек.

... Мен өзімді Иса пайғамбардың 12 сахабасы болған, солардың да арасынан Яһуда шыққан ғой және қасиетті Петр болған деп сабаға түсіремін. Өзіңді осылайша жұбатасың. Сондықтан күлімсіреп жүруге мұрша келе де бермейді, әрине. Бірақ, менің күліп жүруімді сұрағандар үшін мен қазір арнайы күлімсіреп беремін.

Жүргізуші:

— Шенеуніктердің кеңсесіне кірсең болды, Сіз бейнеленген портреттер көзге ұрады. Сіз бұған қалай қарайсыз? — деп сұрайды Ақтобеден Батырхан.

Президент:

— Менің қабырғаларға ілінген портреттеріме келсек, біріншіден, үлкен суреттерді кез-келген жерлерде, көшелердің қиылыстарында ілудің

қажеті жоқ дегім келеді. Мен қандай да бір фирма насихаттайтын модель емеспін ғой. Мүмкін, керек те болар. Бірақ мен шенеуніктердің өз кабинеттеріне менің үлкен портреттерімді ілуіне қарсымын. Егер ол мені ұнататын болса, үйінің төріне іліп қойсын. Бірақ барлық мемлекеттерде басшысын символ ретінде ұсынатын қағида бар. Бұған үстел үстіне қойылатын лайықты шағын суреттер де болады. Бірақ екінші жағынан, бұған мен тыйым сала алмаймын. Ойткені, өзінің маған деген сүйіспеншілігін шектейтін заң жоқ. Менің оз кабинетімде Қазақстанның картасы, сондай-ақ кіре берісте Абылай хан мен Әбілқайыр ханның портреттері ілулі тұр.

Жүргізуші:

— Нұрсұлтан Әбішұлы, біздің тікелей эфиріміздің уақыты аяқталып келеді. Сондықтан егер Сіз рұқсат етсеңіз, осында жолданған сауалдардың қорытындысын айта кеткенді жөн көрін отырмын. Қазіргі бар цифрлар бойынша біз 12650 сұрақ алыппыз, соның ішінде 10225 телефондық қоңырау болды, 1456 сұрақ электрондық пошта арқылы, 1000-нан астамы жазбаша қайырылым түрінде түскен; эфирде 43 телефондық қоңырау шалу болып, Сізбен Қазақстанның барлық дерлік өңірлерінің тұрғындары тікелей жүздесуге қатысты. Жағдайды пайдалана отырып, телеаудиторияға хабарға

белсене қатысқаны үшін алғыс айтып, барлық түскен сауалдар Президент Әкімшілігіне жолданатынын және олар жауапсыз қалмайтынын жеткізгім келеді.

Президент:

— Мен осынау тікелей эфирді дайындаған біздің журналистерге, телеарналардың қызметкерлеріне, барлық сұрақтарды қабылдағандарға алғыс сезімін білдіргім келеді және хабарға белсене қатысқан баршаға рахметімді айтамын. Мен бүгін тікелей эфирді көрген барлық қазақстандықтарға алғыс айта аламын деп білемін. Әлбетте, барлық сұрақтарға жауап беріп үлгермедім, бірақ біз оларды топтастыратын боламыз. Бұл маған халықтың тынысын сезінуге, біздің адамдарды не толғандырып жүргені туралы, менің не нәрсеге көңіл аударуымның керектігі туралы көбірек білуге мүмкіндік береді. Бұл әңгіме өте пайдалы болды деген ойдамын.

Оны мемлекетімізге ішкі саяси тұрақтылық керек екендігімен тұжырымдағым келеді. Біз қазір айнала тоңірегінде не болып жатқанын көріп отырмыз, біз экстремизмді, лаңкестікті көріп отырмыз. Даму үшін, өркендеу үшін елде саяси тұрақтылық болуы керек. Ли Куан Ю (Сингапурдың экс-премьер-министрі) айтқандай, оның ұстанымы — қоғамның мүддесі бәрінен де жоғары. Ол саяси тұрақтылықты бәрінен де артық

санаған. Азия қоғамындағы тәртіп пен реттілік біртіндеп енгізілуге тиісті демократиядан маңыздырақ саналған. Жүз пайыз болмаса да, шамамен мен де осылай ойлаймын. Әлбетте, Конституция бойынша біз демократиялық қоғам құрудамыз. Егер бүгінгі саясат, біз атқарған бүгінгі істер біздің халқымыз қалап отырған нәрсеге сай келсе, демек, біз мұны дұрыс деп санайтын боламыз. Егер Қазақстан халқы басқа саясатты талап етсе, біз халықтың айтқанын істеуге тиіспіз. Халықтар арасындағы достық, ел ішіндегі саяси тұрақтылық — міне, біз ұмытпауға тиісті басты нәрселер осылар. Ол аспаннан салбырап түсе қалмайды, оны баршамыз жасауға тиістіміз. Мен барлық қазақстандықтарға ізгілік, бақыт, игілік тілеймін.

ДИАЛОГ С НАРОДОМ

*Прямой эфир с участием
Президента Республики Казахстан
Н.А. Назарбаева
14 мая 2004 года*

* * *

Стало доброй традицией Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева вести открытый диалог с народом по прямому эфиру республиканского телевидения.

И в этом году 14 мая состоялся традиционный прямой эфир с участием Главы государства, где он предельно честно и открыто отвечал на многочисленные вопросы казахстанцев. Люди из первых уст получили ответы на многие волнующие их вопросы, тут же были решены многие актуальные проблемы. Стоит отметить, что общение Нурсултана Назарбаева с народом впервые транслировалось на всех республиканских телеканалах.

В ходе прямого эфира были организованы прямые включения с городом Алматы и пятью областями республики, и жители данных регионов имели возможность в интерактивном режиме вести открытый диалог с Главой государства.

С момента объявления о прямом эфире и на момент завершения трехчасовой передачи на имя Президента поступило 10225 телефонных звонков, свыше 1000 письменных обращений, а электронной почтой было принято 1456 вопросов.

В данной брошюре публикуется печатная версия "Прямого эфира" Президента РК с населением республики.

Президент Республики Казахстан
Н.А. Назарбаев:

— Добрый вечер, уважаемые казахстанцы!

Сегодня мы встречаемся в прямом эфире. Считаю, что пришло время такой встречи. Ведь Казахстан вступил в новый этап своего развития. Преодолев кризисную ситуацию, добившись стабилизации экономики, располагая имеющимися ресурсами, мы теперь берем принципиально новое направление в развитии нашей экономики.

Напомню, что благодаря возможностям экономики, во-первых, разработали Агропродовольственную программу, Программу развития села. Уже идет второй год ее реализации.

Во-вторых, в целях избавления от сырьевой зависимости в Казахстане реализуется важная для нас Стратегия индустриально-инновационного развития. Ее реализация позволит к 2015 году более чем втрое увеличить прирост экономики. В моем Послании народу республики нынешнего года основное внимание было уделено вопросам жилищного строительства, где речь

шла о новом направлении в этой сфере, обеспечении жильем граждан со средним уровнем доходов. Думаю, что эти вопросы, а также вопросы, которые касаются жизни нашего общества, политической ситуации в республике и обстановки за ее пределами, отношений с другими государствами, будут интересны для вас.

Берик Турысбек, учитель школы-гимназии № 3 города Астаны:

— У меня двое детей, живу в общежитии. В своем Послании народу Казахстана нынешнего года Вы говорили о необходимости снижения цен на жилье, строительстве домов, каждый квадратный метр которых будет стоить не дороже 350 долларов. Вы поставили конкретные задачи снизить надбавочные проценты ипотечного кредита и сумму первоначального взноса, а также продлить срок погашения кредита до 20 лет. Ваше поручение стало очень хорошей новостью для тех, кто страдает от отсутствия жилья. Однако в последнее время те или иные руководители партий, представители банков, чиновники разных уровней часто высказывают мнение о том, что возможности строить дешевые дома нет.

Президент:

— В своем Послании народу нынешнего года я поручил Правительству республики

